



ЖАЗ МАУСЫМЫ  
ҚАУІПСІЗ БЕ?



СУИЦИДТІҢ  
САЛҚЫНЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ – ХАЛҚЫМЫЗДЫ ОРТАҚ МАҚСАТҚА ҰЙЫСТЫРАТЫН БІРЕГЕЙ ҚҰРЫЛЫМ. МЕН БЫЛТЫР НАУРЫЗДАҒЫ ЖОЛДАУЫМДА ОСЫ ҚҰРЫЛТАЙДЫ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ БАСТАМА КӨТЕРДІМ. БҰЛ ҚАДАМ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫ НЫҒАЙТА ТУСУ ҮШІН ЖАСАЛДЫ. СОНДАЙ-АҚ МҰНДА ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНАДЫ.



# ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ ӨТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналды. Жиынның алғашқы күні еліміздің әрбір аймағынан арнайы келген делегаттар ұлт келешегі үшін өзекті мәселелерді талқылады. Ал екінші күнгі негізгі жиында Қасым-Жомарт Тоқаев жиналған қауым алдында сөз сөйлеп, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын ой-толғамдары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Мемлекет басшысы Ұлытау төріндегі алғашқы құрылтайдан бері өткен бір жылда елімізде конституциялық реформа жасалғанын, бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түскенін, ұзақ мерзімге арналған демократиялық

бағдарымызды айқындап бергенін атап өтті.

Жиынды Мемлекеттік кеңесші, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары Ерлан Қарин ашып, жүргізіп отырды. Құрылтай мүшелері атынан Қолданбалы эко-

номика зерттеулері орталығының ғылыми жетекшісі, белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеев, Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин, «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ақылбай,

Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры, белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды сөз сөйледі.

2-5



## ТУРИСТЕР КӨП КЕЛЕТІН ҚАЛА

Мәдениет және спорт министрлігі мәліметінше, биыл қаңтар-сәуір айларында Қазақстанға 3,5 миллион адам турист ретінде келген.

Ең көп туристер тау-шаңғы курорттары, сұлу табиғаты, қолайлы климатымен қызықтыратын Алматыда болған. Бұл қалаға жыл басынан бері 1 185 130 адам саяхаттап барған. Одан кейін Астана – әкімшілік-іскерлік орталық қана емес, туристер жиі таңдайтын қалаға айналған. Елордаға алғашқы төрт айда ғана 951 750 мейман аялдаған. Сонымен қатар Шымкент, Атырау және Ақтау қаласына туристер көп келетін болған.

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ – БІРІНШІ ОРЫНДА

Футболдан 2024 жылғы Еуропа чемпионатының топтық іріктеу турнирінде Қазақстан ұлттық құрамасы екінші ойында қатарынан жеңіске жетті.

Өткен сенбі күні Қазақстан құрамасы Сан-Марино құрамасын сырт алаңда 3:0 есебімен тізе бүктірді. Италияның Парма қаласында өткен матчта Ян Вороговский, Асхат Тағыберген және Бақтиер Зейнутдинов гол соқты. Осыған дейін Астанада Дания құрамасын 3:2 есебімен ұтқан Қазақстан газет баспаға кеткенде турнир кестесінің бірінші сатысында тұрды.

Енді Қазақстан Белфаст қаласында Солтүстік Ирландиямен ойнайды.

Н тобында Қазақстан құрамасымен бірге Дания, Финляндия, Солтүстік Ирландия, Сан-Марино құрамалары бар.



# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ

### ҚҰРМЕТТІ ҚАЗЫМ!

Сөз басында бірден атап өтейін, меніңше, Ұлттық құрылтай бұл – арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдар кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақырған.

Бүгінгі құрылтайдың отырысы еліміздегі қайғылы оқиғадан кейін өтіп жатыр. Абай облысында алапат өрт шығып, азаматтарымыз қаза тапты. Тағы да қайталап айтқым келеді: біз мұндай оқиғадан сабақ алуымыз керек, нақты шешімдер қабылдауымыз қажет. Ел басына түскен қиындықтар, ең алдымен, біздің береке-бірлігімізді сынға салады. Осындай күрделі сәттер, ең бастысы – шынайы жанашырлық және терең жауапкершілік таныту қажет екенін айқын көрсетеді. Мұны өздеріңіз өте жақсы түсініп отырсыздар.

Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым. Мен былтыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды. Сондай-ақ мұнда ұлттың болашағына ықпал ететін елдік мәселелер талқыланады.

Біз құрылтайдың алғашқы отырысын осыдан дәл бір жыл бұрын ұлт ұясы – Ұлытауда өткіздік. Көптеген маңызды істер мемлекеттігіміздің негізі қаланған қастерлі өлкеден бастау алды. Осы игі үрдіс биыл да жалғасын табуда.

Бүгінгі басқосу бүкіл түркі халықтары үшін киелі шаһарда өтіп жатыр. Халқымыз әдетте Түркістанды қазақтың рухани астанасы дейді. Дегенмен қаланың мән-маңызы бұдан әлдеқайда жоғары.

Киелі шаһар еліміздің тарихында айрықша рөл атқарған. Көне заманнан бері Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі қала болған. Бауырлас халықтардың бәріне білім-білім таратқан руханият ошағы саналған. Сондай-ақ қазақтың тарихында өшпес із қалдырған көптеген тұлғаларымыз осы жерден мәңгілік мекенін тапқан.

Шежірелі шаһардың қабырғасына қазақтың жылнамасы түгел жазылған деуге болады. Шын мәнінде, киелі Түркістан – ұлы дала өркениетінің мызғымас темірқазығы. Түркістан ғасырлар бойы қазақ халқының маңызды саяси орталығы болып келді. Қазақ мемлекетінің бас қаласы ретінде тарихқа алтын өрлігін жазылды. Көптеген хандарымыз осы жерге ордасын тігіп, ұлан-ғайыр далаға билігін жүргізген. Қара қылды қақ жарған билеріміз түрлі дау-шарға төрелік айтқан. Ел-жұртын береке-бірлікке шақырған. Мұның бәрі еліміздің ерте заманнан бері бір орталықтан басқарылған біртұтас мемлекет болғанын көрсетеді. Сондай-ақ қазақ мемлекеттілігінің тамыры тым тереңде жатқанын білдіреді.

Ұлы Дала төрінде Жошы хан әулеті Кенесары ханға дейін 6 ғасырдан астам уақыт ел басқарды. Тіпті, әлем тарихында мұндай мысалдар көп емес.

Біз қазір бабаларымыз кеңес құрған әйгілі Күлтөбенің іргесінде отырымыз. Әбіш Кекілбаев «Қазақ рухының қағбасы» деп атаған Ордабасы осы жерге тиіп тұр. Осынау әйгілі төбелерде халқымыздың игі жақсылары сан рет бас қосқан. Ұлт тағдыры сынға түскен сәттерде бәрі ақылдасып, елдің болашағын айқындаған. Қалың жұрт салиқалы сөзге тоқтап, ел бастаған ерлеріне көш тізгінін ұстатқан. Бір ел, бір халық болып, сыртқы қатерге қарсы тұрған. Қазақтың бірлігі мен тұтастығының ордасы болған киелі Түркістан болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара береді. Сондықтан осы аймақты басқарып отырған басшыларға зор жауапкершілік жүктеледі. Қанша дәуір өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді.

Билығы құрылтайдың сипаты – өзгеше, мазмұны да – ауқымды. Кешеден бері бірнеше тақырып бойынша жан-жақты, қызу талқылау болды. Құрылтайға қатысушылар Үкімет мүшелерімен пікір алмасты, ойларын ортаға салды. Тың бастамалар көтерді.



Президент Әкімшілігі соның бәрін мұқият зерделейді. Ортақ бір тұжырымды әзірлейді. Салмақты ұсыныстар алдағы жұмыс кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Пікірталасқа белсене қатысқан барша азаматтарға ризашылығымызды білдіреміз.

### АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Бірінші құрылтай жалпыұлттық референдумнан кейін шақырылды. Содан бері, міне, бір жыл өтті. Бұл Әділетті Қазақстанды құру жолында айрықша маңызы бар тарихи кезең болды. Біз Ата заңымызға әділдік рухын сіңіре отырып, конституциялық реформа жасадық. Бұл өзгерістер мемлекеттігіміздің тұғырын бекіте түсті. Сонымен қатар еліміздің ұлт мерзімге арналған демократиялық бағдарын айқындап берді.

Биліктің басты институттары қысқа мерзім ішінде мүлде басқаша сипатқа ие болды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысуы мүмкіндігі едәуір кеңейді. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесі нығайды. Осының бәрі еліміздің саяси құрылымын орнықты және тиімді етіп қайта құруға септігін тигізді. Барынша әділ, ашық әрі бәсекеге лайық жүйе қалыптасты.

Кейбір адамдар реформалардың табысты боларына күмәнмен қараған еді. Бірақ біздің бағдарымыз өзгерген жоқ. Ауқымды саяси жаңғыру жоспары рет-ретімен жүзеге асырдық. Бәріміз бір ел болып орасан зор жұмыс атқардық.

Қазақстан осыдан 2-3 жыл бұрынғы, тіпті, бір жыл бұрынғы азаматтарын айтарлықтай өзгерді. Біз аз уақытта зор серпіліс жасадық. Бұған ынтымақ-бірліктің және сындарлы қоғамдық диалогтың арқасында қол жеткіздік. Қазақстан – осы геосаяси аймақта саяси жүйесін қысқа мерзім ішінде түбегейлі өзгерткен бірден-бір мемлекет. Тың өзгерістердің арқасында саяси реформалардың Қазақстанға ғана тән ерекше үлгісі қалыптасты. Келешекте де оның мән-маңызы арта бермек. Алайда қолда бар жетістікке тоқмелісіп отыруға болмайды. Алда ұзақ жол, ауқымды жұмыс бар. Жалпы, Әділетті Қазақстанды құру министрлер мен әкімдердің ғана міндеті емес. Оған бүкіл қоғам болып жұмылуымыз керек.

Ал түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді.

Біз қазір халықаралық ахуалдың бұрын-соңды болмаған деңгейде ши-

леніскеніне куә болып отырмыз. Кейбір ірі елдер өзіне қажетті күн тәртібін басқаларға таңуға, оларды өз талабына икемдеуге тырысуда. Бір-біріне мүлдем қайшы келетін түрлі идеялар мен ұстанымдар қақтығысы белен алды. Бұл қақтығыс геосаясатта немесе экономикада ғана болып жатқан жоқ. Тіпті, мәдениет пен руханиятты, құндылықтар жүйесін, басқаша айтқанда, идеология саласын да шарпуда. Мұның бәрі тұтас мемлекеттердің және халықтардың қауіпсіздігіне зор кесірін тигізугі мүмкін. Халықаралық ахуалдың беталысы көңіл көншітпейді. Сондықтан Қазақстан Республикасы бұрын-соңды болмаған деңгейде біртұтас болуы керек.

Біздің әлемдегі орнымыз, ең алдымен, ұлтмыздың сапасына байланысты болмақ. Қуатты ел боламыз десек, бірлесе отырып, бірқатар маңызды сауалға жауап беруге тиіспіз.

Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтмыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай? Мен бүгін осыған қатысты ой-пікірді ортаға салғым келеді.

Біз қолға алған саяси-экономикалық реформаларды қоғамдағы терең әлеуметтік-мәдени өзгерістермен қатар іске асыруымыз керек. Бұл – маңызды міндет. Біз алға үздіксіз қадам басуымыз керек. Елді дамытуға кедергі келтіретін нәрсенің бәрінен арылып, құндылықтарымызды нығайта түсуіміз қажет. Сонда ғана ұлттың жаңа сапасын қалыптастырамыз, сан ғасырлық мемлекеттілігіміздің тұғырын бекемдейміз. Олай болмаса, даму көшінің соңында қалып, ақырында құрдымға кетеміз.

Жалпы, қандай да бір құндылықты жарлықпен немесе заңмен орнықтыру мүмкін емес. Мен мұны өте жақсы түсінемін. Кез келген тұжырымдама немесе доктрина қарапайым әрі түсінікті болуы керек. Әйтпесе, бәрі жасанды болып шығады. Ондай идеяны халық қабылдамайды.

Өміршең, келешегі зор идеологиялар мемлекет пен қоғамның ортақ ізденісінің арқасында ғана пайда болады. Біз дәстүрлі құндылықтарымызды қазіргі мәдени үрдістермен үйлестіруіміз керек.

Елімізде отаншыл, жасампаз, батыл, дарынды, білімді, озық әрі еңбекқор жандар өте көп. Мен осындай азаматтарды көргенде болашағымыздың жарқын боларына зор сеніммен қараймын. Тәуелсіз Қазақстанда рухы азат, көзі ашық, көкірегі ояу ұрпақ өсіп келеді. Олар ғылым-білім, музыка, кино, спорт және басқа да салаларда табысқа жетіп, бүкіл әлемге танымал бола бастады. Жастарымыз туған жердің қайталанбас ерекшелігін

және туған елдің бірегей болмысын жер жүзіне танытып жүр. Жас ұрпақ тарих тағылымын және елдің жарқын болашаққа ұмтылысын бір арнаға тоғыстырып жатыр. Осылайша, олар ұлттың рухын жаңғыртуда. Осы серпілістің қарқынын сақтай отырып, оны күшейте түсу – мемлекеттің міндеті. Бұл міндетті абыроймен атқарсақ, қазақтың ренессанс дәуірі, яғни түбегейлі өзгерістер заманы келеді.

Біз, аға буын өкілдері, еңбекқорлық, іскерлік сияқты құндылықтарды өзіміз үлгі көрсету арқылы дәріптеуіміз керек. Жастарымыз көп сөзге құмар, жағымпаз, жалқау, енжар, масыл болмауға тиіс. Оларды осындай теріс әдеттерден қашық болуға үйретуіміз керек.

Біздің қоғам өзгерісті біреуден мадақ есту үшін емес, ең алдымен, өзі үшін жасауға тиіс. Мұны елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін қолға алуымыз керек. Ашығын айтсақ, біз кейде өз өмірімізден гөрі жұрттың пікіріне көбірек мән береміз. Тіпті, бұл әдет қанымызға сіңген деуге болады. Әрине, қазақтың қонақжайлығы – жақсы қасиет. Бірақ үйдің іші-сыртын қонақ келгенде ғана ретке келтіру дұрыс емес. Таза-лық пен ұқыптылық күнделікті өмір салтымызға айналуы қажет.

Қалалар мен ауылдардың сәулетті, сабақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреу емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Бұл – дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орында мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан – бәрімізге ортақ, оның қандай болатынын тек бізге байланысты. Яғни, біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек.

Жақында ірі қалаларымызда су тапшылығы пайда болды, тұрғындар наразылығын білдіріп жатыр. Бұл да – орынды. Осы түйткіл – әкімдердің жұмысындағы нағыз олқылық. Оны тез арада түзету керек. Әкімдердің қолынан келмесе, тиісті шешімдерді қабылдаймын. Негізгі мақсат – табысты болып көріну емес, шын мәнінде табысты мемлекет болу. Бұл мызғымас қағида болуға тиіс.

Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда елдің бірлігі және тұрақтылығы, азаматтардың өзара тілектестігі, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құруы қажет.

Отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, нағыз маман болу, үнемілік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттер бәрінен биік тұруға тиіс. Осындай ізгі қасиеттің бәрін бойына сіңірген жанды Адал азамат деген бір ауыз сөзбен сипаттауға болады.

Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Ұлы Абай «Адал еңбекпен мал іздемек – арлы адамның ісі» деген. Ал арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше, Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасалуға тиіс. Енді осы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталайын.

**БІРІНШІ.** Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет.

Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нышандарымыз бірегей ұлттық кодмызды нақты әрі айқын көрсетуі керек.

Мен жақында Ассамблея сессиясында еліміздің геральдика белгілерін жетілдіру қажеттігі туралы айттым. Алдымен аймақтардың және қалалардың таңбасын бірыңғай үлгіге келтіру керек деп санаймын. Қазір олардың көбінің мазмұны және пішіні әркімкі. Соған байланысты қоғамда жиі сын да айтылады. Бұл салаға мұқият талдау жасап, ортақ ұстанымдар әзірлеу қажет. Аймақтың нышандарды әзірлеу және бейіт тәртібін барлық өңірде бірдей етіп, ретке келтірген жөн.

Енді мемлекеттік наградалар мәселесіне жеке тоқталғым келеді. Бұл саланың қалыптасқан өзіндік дәстүрі бар. Елімізде күнделікті қажырлы еңбегімен мемлекетімізді өркендетуге зор азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мол ұлес қосып жүрген жандар аз емес. Олардың қатарында мұғалім, дәрігер, ғалым, кәсіпкер, тәртіп сақшысы, әскери қызметші, құтқарушы және басқа да мамаңдық иелері бар. Қоғамға үлгі болатын осындай жасампаз әрі отаншыл жандарды мемлекет әрдайым қолдауға тиіс. Мен өзім бұл мәселеге айрықша мән беремін. Сол себепті әрбір орден-медальдің терең мағыналы әрі ерекше болуы, жұрт көңілінен шығатындай болуы өте маңызды. Сол үшін мемлекеттік марапаттар жүйесін халықтың жанына жақын әрі түсінікті етіп жасау қажет.

Жуырда біз мемлекеттік сыйлықтарға халқымыздың біртуар перзенттерінің есімін бердік. Әл-Фараби, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы сыйлықтар бар. Мұндай ұстаным ұлы тұлғаларымыздың есімін ел жадында сақтау үшін қажет. Сол арқылы біз олардың озық ойлары мен өнегелі істерін дәріптейміз.

Шын мәнінде, ұлттық идеология осындай маңызды шешімдер арқылы қалыптасады. Біз мемлекеттік наградалар жүйесін де осы тәсілмен өзгертуіміз керек. Көптеген мемлекеттік орден-медальдарына көрнекті тұлғалардың есімі берілген. Мұндай қадамдар отаншылдық рухты асқақтату үшін қажет. Сондай-ақ тарихта өшпес із қалдырған әйгілі адамдардың есімін ұрпақ санасына сіңіру үшін керек. Мемлекеттік наградалар жүйесін жетілдіру кезінде бұл тәжірибені байыппен пайдаланған жөн.

Қолданыстағы кейбір ордендерді халқымыздың біртуар перзенттерінің есімімен атау мәселесін ойластыру қажет. Мысалы, Бейбарыс Сұлтан және басқа да тарихи тұлғалар атындағы орденнің иегері атану кім-кімге де

# – АДАЛ АЗАМАТ

## ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



зор мәртебе болар еді.

Мен бұған дейін «Ел бірлігі» атты жаңа мемлекеттік награда әзірлеп, бекітуді тапсырдым. Алдағы Республика күнінде бұл марапат алғаш рет тапсырылады. Келесі жылғы Республика күнінде тарихи тұлғалардың атымен аталған ордендерді табыстаймыз. Жыл соңына дейін осы мәселені мұқият сараптап, нақты ұсыныс енгізу қажет. Президент Әкімшілігі бұл жұмысты құзырлы мемлекеттік органдармен, ғалымдармен және сарапшылармен бірге атқарады.

**ЕКІНШІ.** Ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту өте маңызды.

Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән береді. Бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқарады. Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Өкінішке қарай, стратегиялық маңызы бар осы мәселе тәуелсіздік жылдарында толық шешімін таппады. Сондықтан мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалада осыған арнайы тоқталдым. Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы бастама көтердім. Бұл жұмысқа еліміздің және шетелдің бір топ ғалымдары жұмыла кірісті. Ежелгі заманнан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын жеті томдық жинақты әзірлеу үшін біраз шаруа атқарылды. Жиналған материалға енді стилистикалық және ғылыми редакция жасалуы керек. Сондай-ақ жинақты бірыңғай үлгіде безендірген жөн.

Еңбекте осыған дейін жіберілген тұжырымдамалық қателіктер мен кемшіліктер қайталанбауы қажет. Оған соңғы кезде ашылған тарихи жаңалықтар түгел енгізілуі керек. Қарама-қайшы мәліметтер болмауы тиіс. Қазақстан аумағында өткен тарихи оқиғалардың әлемдік үдерістермен тығыз байланыста сипатталуы маңызды. Бір сөзбен айтсақ, жеті томдық еңбекте еліміздің шынайы шежіресі толығымен жазылуы қажет. Көптомдықтың тілі – жеңіл, мәтін – кез келген жастағы оқырманға түсінікті болуы керек. Бұл – аса маңызды мәселе.

Қазақстан тарихының көптомдық жинағын келесі жылдың ортасына дейін әзірлеуді тапсырамын. Содан соң ол ғылыми ортада кеңінен талқылануы керек. Бұл еңбек ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртуға, мемлекеттілігімізді нығайтуға зор үлес қосары сөзсіз.

Біз сан ғасырлық тарихымызды мақтан етеміз. Тамыры терең төл шежіреміз – халқымыздың мәдени кодының өзегі. Оны жан-жақты зерттеп, ой елегінен өткізуге және барынша дәріптеуге қажетті жағдай жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің негізгі міндетінің бірі.

Тарихи танымды кеңейтуге зор үлес қосатын тағы бір маңызды сала – археология. Алматыдағы Археология институты – еліміздің бірегей тарихи мұрасын жүйелі зерттеумен айналыса-

тын басты ғылыми мекеме. Өкінішке қарай, оның қазіргі жағдайы мүшкіл. Мекемені жаңғыртып, оның жұмысына тың серпін беру үшін институтқа барынша жағдай жасау қажет. Оны тиісті ресурстармен қамтамасыз ету керек. Институт жанынан тарихи жәдігерлердің арнайы қорын жасақтаған жөн. Мұндай тәжірибе әлем елдерінде кеңінен таралған.

Сондай-ақ төл тарихымызда ерекше орны бар тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Бұл тізім еліміздің ішінде және шетелде жалпыұлттық бірегейлігімізді айшықтайтын басты ұстанымға айналмақ.

Ономастика саласы тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы екені белгілі. Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет. Жалпы, ономастика саласын тәртіпке келтірген жөн. Бұл шаруа кешенді және дәйекті түрде бір орталықтан атқарылуға тиіс. Ономастика бұл – ата-бабаларымызға байланысты я белгілі тұлғалардың туысқандарының ісі емес. Бұл – мемлекеттің шаруасы. Осы саладағы барлық рәсімдерді іс жүзінде реттеу маңызды. Онда аймақтардың ерекшелігімен қатар, жалпыұлттық басымдықтар да ескерілуі керек.

**ҮШІНШІ.** Біз мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеуіміз қажет.

Елімізді жаңғырту үшін «жұмсақ күштің» мүмкіндіктерін тиімді пайдаланған жөн. Сыртқы істер министрлігі жанындағы «KazAIP» халықаралық даму агенттігі осы жұмысқа ұйытқы болуға тиіс. Көптеген мемлекетте мұндай ұйымдар ұлттық брендті, тарихты және мәдениетті насихаттайды. Сол арқылы мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал етеді. Сыртқы саяси бастамаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасайды. Кәсіпкерлердің әлемдегі беделін арттыруға көмектеседі.

Жаңа ғана Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова ұлттық құндылықтарды дәріптейтін кәсіпкерлерді қолдау қажеттігін атап өтті. Бұл да – өте орынды бастама.

Шын мәнінде, қазақтың мәдениеті сан түрлі саланы қамтиды. Халқымыздың ата-бабадан мирас болған мол мұрасы бар. Оны заман талабына сай жаңғыртып, жер жүзіне насихаттау керек.

Мысалы, өзіміз іргесінде отырған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бай тарихымыздың символы саналады. Оның ұлт руханиятындағы орны ерекше екенін білесіздер. Осы кесенеге ұлттық мәдени-тарихи ескерткіш мәртебесін беру туралы ұсыныс енгізілген. Мен мұны қолдаймын.

Түркістанды Ясауисіз елестету мүмкін емес. Әйгілі ғұлама тұтас түркі дүниесінде ислам дінінің орнығуына зор үлес қосты. Ясауиден бастау алатын қазақ жеріндегі рухани сабақтастық қазірге дейін үздіксіз жалғасып келеді. Биыл Қожа Ахмет Ясауидің

туғанына 930 жыл толып отыр. Осы орайда ғұламаның еңбектерін жан-жақты зерттеп, дәріптеу маңызды. «Ясауитану» ғылыми орталығын немесе институтын құру мәселесін ойластыруға болады.

Елімізде рухани құндылығы жоғары өзге де дүниелеріміз жеткілікті. Оның ішінде адамзаттың асыл қазынасы атануға әбден лайық мұраларымыз бар. Қазір бірнеше нысанды трансұлттық аталымдар бойынша ЮНЕСКО тізіміне енгізу үшін өтініш берілді. Бұл шаруа көрші елдермен бірлесіп атқарылып жатыр.

Жақында ЮНЕСКО-ның бас директоры Одрэ Азуле ханым менің шақыруыммен Қазақстанда болды. Ол Түркістанға әдейі ат басын бұрды. Бұл – беделді халықаралық ұйым басшысының соңғы 10 жылда елімізге жасаған алғашқы сапары. Мен Азуле ханыммен арнайы кездестім. Ол маған Бурабай, Марқакөл қорықтары және «Ортеке» өнері ЮНЕСКО тізіміне енгізілгенін растайтын құжатты табыстанды. Мұның бәрі Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасын әлемге танытуға септігін тигізгі сөзсіз. Бірегей салт-дәстүрімізді материалдық емес мұралар тізіміне қосуға қатысты жұмысты жалғастыру қажет.

Елімізде ұлттық кодымызбен барынша үйлесім тапқан түрлі мәдениеттер тоғысқан. Біз төл тарихымызға көптеген халықтардың көрнекті тұлғаларының есімі жазылғанын мақтан тұтамыз. Мысалы, Қазақстанда Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов сынды әлемге әйгілі ақын-жазушылардың мұражайлары бар. Сан қырлы ұлттық мәдениетімізді айшықтайтын осындай мол мұраны сақтап, зерделеу қажет.

Қазақтың тағы бір ерекшелігі – көне дәуірден бері келе жатқан өмір салты. Өзге елдер бізді көшпенділердің ұрпағы ретінде біледі. Бұл да – халқымыздың басты брендтінің бірі. Келесі жылы менің шақыруыммен Қазақстанда V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл қадам ұлттық спортты дамыта түсуге зор мүмкіндік береді. Сондықтан байрақты бәсекені жоғары деңгейде өткізіміз керек.

**ТӨРТІНШІ.** Өскекең ұрпақтың тәрбиесі – өте маңызды мәселе.

Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Жалпы, дүние жүзіндегі әр ұлт – бірегей. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Ұлтымыздың бірегейлігі бұл – оның табысты болуы деген сөз. Табысқа жету үшін жоспарымыз қол жетпес қиялға не болмаса жалаң сөзге емес, нақты іске негізделуі керек. Сонда ғана оның бәрі жұртқа түсінікті, анық болады. Яғни, «Қайтсек табысты елге айналамыз?» деген сұрақтың жауабы айқын болуға тиіс.

Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттық жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың маңығынас ұштағаны деуге болады.

Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп,

жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі.

Біз жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз. Ұрпақ тәрбиесіне ықпал ететін шараларға баса мән беруіміз керек. Бұл салада кемшіліктер көп екені жасырын емес. Мектептегі тәрбие жұмысы ақсап тұр. Соңғы кезде оқушылардың бір-біріне қысым, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсетуі жиі болып кетті. Оны, тіпті, бейнетапнаға түсіріп, әлеуметтік желіге салу «сәнге» айналды. Кейде балалардың қатыгездігі жан түршіктірді.

Отбасындағы зорлық-зомбылық қоғамдағы тағы бір келеңсіз және өзекті мәселе болып тұр. Мұндай заңсыз әрекет жасағандар міндетті түрде заң аясында тиісті жазасын алуы керек. Еліміздің болашағы отбасында қалыптасады. Ал отбасы бақытты болса, еліміздің келешегі де жарқын болады.

Шығыстың ұлы ғұламасы әл-Фараби тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы екенін айтқан. Бала тәрбиесі – ең алдымен, ата-ананың міндеті. Алайда кейде ата-аналар дұрыс тәрбие берудің орнына өздері жағымсыз үлгі көрсетеді. Балалардың тәртібіне бейтарап, селқос қарайды, тіпті, жауапкершіліктің бәрін мектепке, мұғалімдерге жүктейді.

Мемлекеттің ең басты байлығы – адам, яғни азаматтар. Бұл – анық нәрсе. Десек те, ата-аналар баланы, ең алдымен, мемлекет, Үкімет не қоғам үшін емес, өзі үшін дүниеге әкеледі. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс.

Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет.

Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырамын жөн.

Отанға деген сүйіспеншілік бұл – үлкен жиындарда ұран тастау немесе тек ән шырқау емес. Отаншылдық бұл – шынайы патриоттық сезім. Тұратын үйіңді, аулаңды, қалаңды таза ұстау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу, ұқыпты болу, яғни әр жерге қоқыс лақтырмау, түкірмеу деген сөз. Өкінішке қарай, қазіргі таңда елордамыздың өзінде

азаматтарымыз қоршаған ортаға бейқам қарап, әсіресе, жаз кезінде саябақтарды қоқысқа толтырып кетіп жатады. Мұны жасап жатқан бөтен біреу емес, өз азаматтарымыз. Астанаға келген шетелдіктер, көптеген қонақтар соның бәрін көреді, таңғалады. Әрине, бұл – ұят нәрсе. Өйткені өз Отанын шын сүйетін адам оның табиғатын қорғайды, әр гүліне, әр ағашына жанашырлықпен қарайды, бір сөзбен айтқанда, нағыз патриот екенін нақты іс-әрекетімен көрсетеді.

Мен еріктілер туралы үнемі айтып жүрмін. Себебі еріктілер – ең алдымен, патриот жандар. Олар еліміздің дамуына, оның келбетін жақсартуға зор үлес қосып жатыр. Біз бүкіл қоғам болып еріктілерді қолдауымыз керек, олардың еңбегін бағалап, марапаттап отыру қажет.

Сонымен бірге балаларға экологиялық тәрбие беру маңызды. Оларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйреткен жөн. Мәдени мұраларымызды танып-білуге, қорғауға дағдыландыру керек.

Оқушылар театрға, мұражайға және тарихи орындарға жиі барып, рухани жағынан дамуы қажет. Мұндай шаруа бүкіл еліміз бойынша тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Оқу-ағарту министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі осы мәселемен бірлесіп шұғылданыуы керек.

Мен ұрпақты еңбекқорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Мәселен, кейбір көрші елдердің жастары шетелдерге барып, белсенді түрде кәсіппен айналысады, дүкен ашады, ұлттық тағамдарын дәріптейді, қысқасы, напақасын табады. Осындай әрекеттерден біздің жастарымыз да үлгі алса, жаман болмайды. Әрине, бұл – елден кетіп, еңбек ет деген сөз емес, бұл – ең бастысы, еңбектің жақсы-жаманы жоқ деген сөз. Әр мәселені әбден саясиландырып, бос сөз қумай, қол қусырып қарап отыра бермей, нақты жұмыспен, қаражат әкелетін заңды іспен шұғылданыу керек деген сөз.

Мен былтырғы Құрылтайда ұрпақты еңбекке баулуға қатысты бірқатар тапсырма бердім. Соның негізінде мектептерге еңбек сабағы қайтарылды. Осы бағыттағы жұмысты одан әрі жалғастыруымыз керек. Сондай-ақ біз ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады.

Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз. Елімізде түрлі саланың кәсіби мерекесі бар. Көбінесе мұндай мейрамдар назардан тыс қалып жатады. Менің ойымша, «Еңбек күніне» орай ең үздік мамандарды мемлекеттік деңгейде ұлықтаған жөн.

(Соңы 4-5-беттерде)

# ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН –

(Соңы. Басы 2-3-беттерде)

Бұл қадам қоғамда еңбек культін орнықтыруға жол ашады. Шын мәнінде, қандай жұмыс істеп жүргенің емес, оны қалай істеп жүргенің әлдеқайда маңызды. Министр немесе әкім болсын, құрылысшы, дәрігер, мұғалім болсын, ең бастысы, әркім өз міндетін адал атқаруы керек. Нанын адал еңбекпен табуы қажет. Қазақстанның Еңбек Ері Вадим Басин еңбек адамын насихаттау туралы жақсы ой айтты.

Нағыз еңбек адамы дегеніміз кім? Бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Ал жауапсыздықтың салдары неге апарып соқтыратыны кешегі өрт кезінде айқын көрінді. Осындай келенсіз жағдайлар тек орман шаруашылығында емес, басқа да салада бар.

Әрбір адам жауапсыз қадамның арты бүкіл елге қасірет әкелуі мүмкін екенін терең түсінуге тиіс. Барлық салада, барлық деңгейде жауапкершілік болса ғана, ісіміз оңға басады. Шын мәнінде, сын сағатта кімнің кім екені анық көрінеді. Елге жаны ашитын адам қиын жағдайға тап болған жұртқа нақты іспен көмектесуге дайын болады.

Өкінішке қарай, қазір қоғамды ішінен ірітетін жағымсыз дүниелер көбейіп бара жатыр. Өздерін, тіпті, Алпамыс батыр сияқты ел қорғаны санайтын қылмыс әлемінің серкелері, яғни криминалдық топ басшылары бар. Көптеген адамдар, әсіресе, жастар соларға қатты еліктейтін болды. Ел ішінде арзан бедел жинап жүрген алаяқтар аз емес. Олардың бәрі – халықтың санасын улайтын секта өкілдері. Бір қарағанда олар елге жанашыр болып көрінеді. Ал, түптеп келгенде, психологиялық айла-тәсілдермен жұртты адастырады. Қоғамға жалған құндылықтар таратып, көпшілікті тура жолдан тайдырады.

Мұның бәрін идеологиялық қоқыс немесе мүлдем қажеті жоқ ақпарат деуге болады. Біз өркениетті ел ретінде халқымыздың дүниетанымына жат нәрселерге қарсы тұруға тиіспіз. Ол үшін, ең алдымен, оқу-ағарту жұмысын күшейтуіміз керек. Жас ұрпақтың, әсіресе, қазіргі құбылмалы заманда сыни тұрғыдан ойлай білуі маңызды. Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері Жақсыбек Күлекеев өте орынды пікір айтты.

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет.

Өскеген ұрпақты түрлі ойындарға құмар болудан сақтандыру керек. Бұл мәселе бойынша Құрылтайдың бірқатар мүшесі, соның ішінде белгілі спортшы Ислам Байрамуков жақсы айтты. Жеңіл жолмен пайда табу жақсылыққа апармайтынын үнемі түсіндіріп отырған жөн. Адал табыс адал еңбекпен келеді.

Мен тағы бір нәрсеге баса назар аударғым келеді. Бұл – нашарлық. Бұл – ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де ұлап жатыр. Біз есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабуға тиіспіз. Әйтпесе, бүкіл еліміздің болашағы бұлыңғыр болады. Бұл мәселе мені қатты алаңдатады. Химиялық есірткілер нарықта кең ауқымда сатылууда. Криминалдық топтар жастарды осындай заңсыз әрекеттерге тартып жатыр.

Ұлт саулығына зиянын тигізетін тағы бір кесел – вейп және түрлі электронды темекілер. Өкінішке қарай, оны тарту жасөспірімдер арасында сәнге айналып барады. Себебі электронды темекі бәріне қолжетімді, оның зиянсыздығы туралы түрлі жарнамалар да көбейіп кетті. Іс жүзінде, жастарымыз өзіне зор қауіп төндіруде. Себебі бұл – шын мәнінде, зиянды нәрсе. Вейп пен есірткінің арасы бір-ақ қадам. Осы қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шулы шаралар қабылдау қажет. Тыйым салумен ғана мәселені шешу



мүмкін емес. Полиция өз жұмысын белсенді және тиімді жүргізуі керек. Мен бұған ерекше мән беремін.

Елімізде 2016 жылдан бері есірткімен күрес жұмыстарын реттейтін арнаулы құжат болған жоқ. Сондықтан былтырғы Жолдауымда кешенді жоспар әзірлеуді тапсырдым. Үкімет таяу күндері осы мәселе бойынша арнайы жоспарды қабылдайды. Бұл – өте маңызды құжат. Осы құжаттың аясында жан-жақты жұмыс атқарылады.

Білікті заңгер Серік Ақылбай атап өткен құқықтық сананы қалыптастыру мәселесі де өте өзекті. Жастардың құқықтық сауатын арттыру аса маңызды. Сонда әркім өзінің құқығын қорғай біледі және өзгенің құқығын таптамайды. Заң мен тәртіп үстемдік құрған мемлекеттің тұғыры қашанда мықты болады.

**БЕСІНШІ.** Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту.

Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Ақпарат құралдарында түрлі көзқарастар тоғысады. Оны қоғам тынысының барометрі деуге болады. Осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажет.

Креативті индустрияны жаңа деңгейге көтеруіміз керек. Қазір медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорт және музыка шоулары, компьютер ойындары мен кітаптар – бәрі бірігіп, біртұтас жүйеге айналды. Бұл жүйе озық құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз орасан зор. Оны толыққанды жүзеге асыру үшін нақты шаралар қабылдау қажет.

Келесі мәселе. Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды. Смартфон баланың қолындағы кітаптың орнын баспауы қажет.

Қазір еліміздегі мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек. Бұл қиын мәселе екенін түсінемін. Әсіресе, олардың бар назары әлеуметтік желіде болған кезде, тіпті, қиын. Бірақ бұл мәселемен айналысу керек. Басқа жол жоқ. Сондықтан «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырамын. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерін және жанрларын қамтитын арнайы тізім жасалуға тиіс. Сол тізімдегі кітаптар барлық балаға қолжетімді болуы керек.

Мартин Лютер Кинг сияқты менің де көкейімде жүрген бір арман бар, бұл – тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу. Мен мұндай кітапхананы Анкарада көрдім. Оның

оқырмандары әлемнің әр түкпірінде басылып шыққан көркем шығармаларды, арнаулы әдебиетті оқи алады. Мұндай кітапхананы елімізде де салуға болады деп ойлаймын.

Жақында Мәжіліс депутаты Ерлан Саиrow қазақ мәдениетін Tik-Tok платформасында насихаттау жолдары қарастырылып жатқанын айтты. Мен мұны қолдаймын. Жастар жиі пайдаланатын әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу – дұрыс қадам.

Қазір батыс елдерінде «анти-инфлюенсер» деген қозғалыс бірте-бірте қалыптасып жатыр. Бұл қозғалыс интернет басылымдар арқылы азаматтарға, жастарға тарайтын барлық ақпаратқа, деректерге, әсіресе, жалған мағлұматтарға, яғни, fake news-қа зор күмәнмен қарайды, яғни адамдардың санасын жаулап жатқан, тіпті, оларға имандай сенуге болатын идеология секілді құбылыстарды жоққа шығарады. Біздің елімізде де жалған ақпарат тарататын басылым-сымақтар бар. Бұл – құпия емес. Олардың артында нақты қалталы адамдар, тіпті, ықпалды елдер бар. Ал жаңа қозғалыстың негізгі мақсаты – дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу, ең алдымен, бұл әдебиеттегі, сондай-ақ ақпарат саласындағы дәстүрді сақтау. Сондықтан біз де әлемде болып жатқан осы жаңа үрдіске назар аударғанымыз жөн. Бұл үрдістер бүгінде түрлі ақпаратпен идеологиялық тұрғыдан ұлан-аспап жатқан қоғамды сауықтыратын күшке айналуы әбден мүмкін. Жалпы, осындай маңызды істерге, соның ішінде кітап жазушы ісіне Қазақстан Жазушылар одағы белсене атсалысуы керек. Бір ай бұрын ұйымның зекеті құрылтайы өтті, жаңа төраға сайланды. Бұл – көрнекті қаламгер Мереке Құлқенов. Жақында мен онымен кездестім, қазақ әдебиетінің болашағы, дамуы туралы әңгіме болды.

Жалпы, мен Мемлекет басшысы және азамат ретінде қазақ әдебиетін әрдайым қолдаймын. Туындылар оқырмандарға қолжетімді болуы керек деп ойлаймын. Ал жазушыларымыздың шығармалары халық арасында, әсіресе, жастар арасында сұранысқа ие болуы керек. Мұның бәрі – мемлекеттің ғана емес, жазушыларымыздың да міндеті. Оқырман қауым қаламгерлерден халыққа рухани азық болатын тың дүниелер күтеді. Жазушылар одағы осы жұмысқа ұйытқы болады деп сенемін. Осыған байланысты, мен Мереке Құлқеновтің «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтару туралы ұсынысын қолдаймын. Бұл атақ атына – заты сай, лайықты, туындылары арқылы халық сүйген жазушыларға ғана берілуі керек деп санаймын.

Қазіргі заманда ел боламыз десек, экранды да түзеуіміз керек. Себебі кино қоғамның сана-сезіміне ерекше ықпал етеді. Елімізде кино өндірісі жақсы дамыған деп айту қиын. Жаңа ғана белгілі өнер қайраткері Азамат Сатыбалды кино саласын дамыту туралы тұшымды ой айтты. Мен қолдаймын. Расында, бүгінде кино саласында дау-дамай көбейіп кетті. Бірнеше келесі мысалдар бар. Қазір кинотеатр иелері отандық фильмдерді экраннан

көрсету үшін қомақты қаржы талап етеді. Билеттен түскен қаржының едәуір бөлігі тағы да кинотеатрлардың және жеке компаниялардың қалтасына кетеді. Бұған қоса, кинотеатрлар фильмді нақты қанша адам көргенін анықтай алмайды. Қысқасы, киноға бүкіл білімін, күш-қайраты мен уақытын сарп еткен мамандарға табыстың аз ғана бөлігі тиеді.

Кино мамандары пайда табу үшін өте арзан фильмдер түсіруге мәжбүр. Сондықтан құны арзан, мазмұны арзан фильмдер пайда болуда. Отандық киноның дамуына жаңаша көзқарас, тың серпін керек. Мысалы, киноға барған көрермен санын есептейтін цифрлық жүйе енгізуге болады. Мәдениет және спорт министрлігіне жуық арада осы жүйені дайындап, қолданысқа енгізуді тапсырамын.

Жалпы, киноиндустрияны экономиканың жеке тармағы ретінде қарастырып, мәселелерді нақты шешкен жөн. Әсіресе, кинотеатрлардың арасындағы қарым-қатынаста екі жақтың да мүддесін теңдей ескеру қажет. Сонда жаңа кейіпкер, тарихи қаһарман, маңызды оқиғалар жайлы фильмдерді тек «Қазақфильм» емес, жеке компаниялар да түсіреді. Өскеген ұрпақ шетелдің кейіпкеріне емес, өз батырларымызға қарап бой түзейтін болады.

Кезінде шыққан «Қыз Жібек», «Отырардын күйреуі», «Атаманның ақыры» сияқты классикалық фильмдер түсірілуі керек деп санаймын. Сол кезде шығармашылық еркіндік, мол қаражат және компьютерлік графика да болған жоқ. Дегенмен фильмдер түсірілді, әлі күнге дейін халықтың жүрегінен ойып тұрып орын алады.

Шынын айтуымыз керек, соңғы кезде түсірілген тарихи фильмдердің олқылықтары көп. Сол үшін мамандармен ақылдасып, жалпы кино саласын реформалау керек.

**АЛТЫНШЫ.** Мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметі сапалы жүргізілуге тиіс.

Қоғам тынысы әрдайым назарда болуы өте маңызды. Шешім қабылдағанда жұрттың ұсыныс-тілектерін, пікірін ескеру қажет. Барлық құзырлы органдар осындай тәсілмен жұмыс істеуге міндетті. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Түптеп келгенде, бұл – тұрақтылық пен тыныштықтың, өсіп-өркендеудің кепілі. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының мән-маңызы, өзегі – осында. Қазір әлеуметтік зерттеу жүргізу үшін түрлі мекемелерге қыруар қаржы бөлінеді. Бірақ жұмыс жүйелі емес, сондықтан нәтижесі күмәнді болып шығады. Бұл жұмысты бір жерден ұйымдастырып, кешенді түрде жүргізу керек.

Жалпы, талдау қызметі сапалы жүргізілсе, мемлекеттік басқарудың тиімділігі арта түсері сөзсіз. Мемлекетке кешенді түрде жүргізілген зерттеулер мен ұсыныстар өте қажет. Бұл маңызды әлеуметтік мәселелерді шешіп, елдің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін айрықша маңызды. Алайда құзырлы органдардың отандық «ақыл-

ой орталықтарымен» және консалтинг компанияларымен қарым-қатынасының тиімділігі төмен. Олардың қызметіне қажет болғанда ғана жүгінді.

Мемлекеттік «ақыл-ой орталықтарының» да қызметі көңіл көншітпейді. Олар нақты бір мәселемен тиянақты айналыспайды. Көбінесе бір-бірінің жұмысын қайталайды.

Бізге сараптау-талдау қызметін тиімді жүргізетін мықты орталықтар желісі қажет. Бұл құрылымдар сапалы әрі сұранысқа ие интеллектуалды өнім ұсынуға тиіс. Еліміз идеологиялық дербестігін сақтау үшін мұның айрықша мән-маңызы бар. Сараптама орталықтары еліміз егемендік кезеңінде жүріп өткен жолдың әр бағытын зерттеуге тиіс. Кемшіліктердің себеп-салдарын анықтау қажет. Үкімет жаңа жоспар жасағанда осы факторлар ескерілуі керек. Ғылым мен зерттеуге негізделген саясат табысты болады.

**ЖЕТИНШІ.** Еліміз үшін стратегиялық маңызы бар тағы бір мәселе – шекаралас аймақтарды дамыту.

Жер – басты байлығымыз. Туынды тігер тоқымдай жерің болмаса, өз мемлекетің де болмайды. Балаларымыз бізге ұлан-ғайыр аумақты мирас етті. Оны шашау шығармай сақтап, көркейтуді – біздің қасиетті борышымыз. Осы орайда «Жеріміз шетелдіктерге сатылып жатыр» деген сөз ара-тұра айтылып жатады. Бұл – жалған ақпарат. Елімізде жерге қатысты түбегейлі шешім әлдеқашан қабылданған. Ол шешім заңмен біржола бекітілген. Түрлі дақыртқа сеніп, жұртты дүрліктергең жалған ақпарат таратуды доғару керек. Біз бабалар аманатына әрдайым адал боламыз. Шетелдіктерге қазақтың бір қарыс жерін де, бір ұыс топырағын да бермейміз. Оны көздің қарашығындай сақтаймыз.

Шекара маңындағы елді мекендердің ахуалы жеріміздің тұтастығына және еліміздің амандығына тікелей ықпал етеді. Шын мәнінде, бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Өкінішке қарай, шекара шетіндегі кейбір елді мекенде халық саны күрт азайып кетті. Бұған бір кездегі аудандарды біріктіру жөніндегі шешімдер де ықпал еткені сөзсіз. Облыстардың ішкі аумақтық-әкімшілік құрылымында ойланатын тұстар бар. Біз бытыр Абай, Ұлытау және Жетісу облыстарын құрдық. Бұл шешім аймақтардың дамуына тың серпін берді.

«Аманат» партиясы бірқатар шекаралас ауданды қалпына келтіру туралы бастама көтергенін білесіздер. Үкімет менің тапсырмаммен бұл мәселені пысықтады. Мен соған сөйкес Қатон-Қарағай, Марқакөл және Мақаншы аудандарын қалпына келтіру туралы негізгі шешімді қабылдадым. Әрине, бұған арнайы дайындық керек. Қажетті есеп-қисабын жасап, қаражатымызға, бюджеттің мүмкіндігіне қарауымыз керек. Тиісті жұмыстың бәрін биыл аяқтап, алдағы екі жылдың ішінде осы ауданды қалпына келтіре бастаймыз. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан қарасақ та, өте маңызды мәселе. Осы мәселені көпке созбай, шешуіміз қажет.

# АДАЛ АЗАМАТ

Жалпы, аудандарды қосу немесе тарату ондағы жұрттың күнделікті өміріне тікелей әсер етеді. Шешім қабылдаған кезде халық саны, экономикалық әлеуеті, инфрақұрылымы түгел ескерілуге тиіс.

Мен аймақтарды, оның ішінде ауылды өркендетуісіне ерекше мән беремін. Былтыр Президент сайлауынан кейін, ең алдымен, ауылды дамыту мәселесіне арналған Жарлыққа қол қойдым. Үкімет алдағы 5 жылда ауылды дамытуға айрықша күш салатын болады.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі. Елге еңбегі сіңген көрнекті тұлғалардың басым көпшілігі ауылдан шыққан. Біз елімізді өркендетеміз десек, ауыл мектебінің жай-күйін жақсартуды мықтап қолға алуымыз керек. Бұл жұмысты «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының аясында кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Яғни, мектеп салу, күрделі жөндеу жүргізу және оны жабдықтау жұмысын тиісті деңгейде атқару маңызды.

Қоғамда жиі көтерілетін тақырыптың бірі – мемлекеттік тіл. Осы мәселе бойынша пікірімді тағы да айтайын. Жалпы, елімізде тіл саясаты байыппен жүргізіліп жатыр. Түрлі этнос өкілдерінің өз тілінде сөйлеуіне барлық жағдай жасалған. Осы ұстаным өзгермейді. Бұл – ішкі тұрақтылықтың негізгі факторларының бірі.

Мен мемлекеттік тілді дамытуға баса мән беріп отырмын. Қазақ тілін қолдану аясы барлық салада кеңейіп жатыр. Қазір тіліміз дамымай жатыр деп аландауға ешбір негіз жоқ. Болашақта мемлекеттік тілдің тұғырын нығайта түсу үшін басқа да маңызды шаралар қабылдаймыз.

Мемлекеттік тілдің жағдайын айтып, шу көтеретін кейбір адамдар бұл мәселені саяси құрал ретінде пайдаланады. Халық арасында дау шығарғысы келеді. Ақырында, осындай келеңсіз, ойсыз әрекеттер мемлекетіміздің қауіпсіздігіне зиян келтіреді. Мұны ашық айту керек. Себебі тіл – біздің геосаяси кеңістікте «саяси себеп, саяси сылтауға» айналуы. Ал нақты қазіргі ахуалға қарайтын болсақ, тілдің жағдайы бұрынғыдан әлдеқайда жақсы. Мәселе тілге келгенде, дау-дамай, даңғаза жасамай, тілімізді дамыта түсу үшін нақты іс-әрекетке көшіміз керек. Сонда ғана біз табысқа жетеміз.

Бүгінде қазақ тілі креативті индустрияның тіліне айналды. Мысалы, «Аватар» сияқты әлемге белгілі фильмдер қазақша сөйлеп жатыр. Сондай-ақ Қазақстанның атын бүкіл әлемге танытып жүрген талантты жастарымыз да қазақ тілін дүние жүзіне паш етуде, тілімізді өнерімен, еңбегімен, яғни нақты ісімен дәріптеп жүр. Бұл – біздің жастарымыздың саналы таңдауы.

Қазақ тілі – азаматтық бірегейлігіміздің және рухани бірлігіміздің нышаны. Біз оны күнделікті қарым-қатынастың ғана емес, нағыз ғылым мен білімнің тілі етуге тиіспіз. Бұл міндет жөнінде бұрын да айтылды, осы мақсатты күшпен, айқай-шумен емес, ақылмен, парасатпен іске асыруымыз керек. Бұл – бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Қазақ тілі барша Қазақстан халқын ұйыстыратын басты құндылықтың бірі ретінде дами береді. Бұған ешқандай күмән болмауға тиіс. Ең бастысы, тіл саласындағы біздің бағдарымыз – айқын, баршаға түсінікті.

Сондай-ақ шетелдегі қандастарымызбен тығыз қарым-қатынас орнатып, рухани байланысты нығайта береміз. Бұл мәселе – менің жеке назарымда. Жалпы, осы айтылған жұмыстың бәрін рет-ретімен жасасақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз.

**СЕГІЗІНШІ.** Мен қоғамда мемлекеттік аппараттың жұмысына қатысты біраз

сын-пікірлер бар екенін білемін.

Олардың басым көпшілігі орынды. Қазіргі таңда біз мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту үшін нақты шаралар қабылдап жатырмыз. Негізгі міндет – жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтіп, мемлекеттік қызметшілерге көбірек дербестік беру.

Бұдан бөлек, аудан және ауыл әкімдерін сайладық. Облыстық мәслихаттарға сайлау аралас жүйе арқылы, ал аудан мәслихаттарына тек бір мандаттық қағидат бойынша өтеді. Алдағы жұмыс – ауқымды. Біраз уақыт қажет екені түсінікті.

Ең бастысы, біз мемлекеттік аппарат өкілдерінің сана-сезімін өзгертуге баса мән беругіз қажет. Олар туған-туыстарының арасында не болмаса қоғамда абырой-беделге ие болуды емес, ең алдымен, халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуға тиіс. «Адал азамат» дегеніміз – осы.

Соңғы кездері мен бірқатар кадрлық өзгерістер жасадым. Бұл ретте ешқандай науқаншылдыққа, мемлекеттік қызметшілерді, жоғары лауазымды тұлғаларды жаппай қызметтен босатуға жол берілген жоқ. Ең алдымен, олардың іскерлік қабілеті мен тәжірибесі ескерілді. Сондай-ақ жас, білікті азаматтар бірқатар маңызды министрліктің тізгінін ұстады. Әрине, олардың тәжірибесі, соның ішінде өмірлік тәжірибесі аз екені сөзсіз. Бірақ бұл – уақытқа байланысты мәселе. Бастысы, олардың бойында еліміздің жарқын болашағы үшін адал қызмет етуге қажетті білім, ерік-жігер бар.

Басшылық құрамды жаңарту жұмысы жалғасын табады. Мемлекет басшысы ретінде айтармын, министрлердің, әкімдердің және басқа да мемлекеттік қызметшілердің бойында негізгі екі қасиет болуы керек. Бұл – профессионализм, яғни нағыз мәман болу және отаншылдық. Ал олардың Президенттің жеке басына адалдығы мен үшін маңызды емес.

Мемлекет басшысын мадақтаудан гөрі жұмысты адал атқарып, халықтың алдында абыройлы болу әлдеқайда маңызды. Барлық мемлекеттік қызметшілерге осыны айтқым келеді.

Сондай-ақ жасалған реформалардан кейін Қазақстан Президенті мемлекеттік басқарушы, яғни Конституцияда көрсетілген 7 жылдық мерзімге халықпен өзара келісімшартқа отыратын менеджер ретінде қызмет етеді. Президент – әулие емес, халықтан биік тұлға емес.

Алайда қоғамымыз Мемлекет басшысына, басшылық қызметтегі адамдарға құрметпен қарауы керек, яғни саяси тұрғыдан көзі ашық, жауапкершілігі жоғары азаматтар ретінде оларға ой-пікірін, ұсыныстарын айтып отыруы қажет. Осылайша, елімізде саяси мәдениеттің, өркеніетті қоғамның озық үлгісі қалыптасады. Бүгін өтіп жатқан Ұлттық құрылтайдың негізгі мақсаты да – осы.

Дәл осындай форумда Қазақстанның дамуына байланысты салмақты, іргелі ұсыныстар айтылуы керек. Біз бірге болсақ, алынбайтын қамал жоқ.

\*\*\*

Бүгін мен ұсынған бастамалар – алдағы ауқымды жұмыстың бір бөлігі ғана. Жаңа идеологиялық тұжырымды орнықтыру үшін мемлекеттік аппарат, сарапшылар, ғалымдар, тілшілер, азаматтық қоғам өкілдері – бәрі жұмылуы қажет. Президент Әкімшілігі жұмыс жоспарын әзірлеп, айтылған мәселелерді түгел қатаң бақылауға алады.

Біз Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – өте жауапты әрі абыройлы міндет. Біз отаншылдығымызды және елге жанашырлығымызды нақты іспен

көрсетуіміз керек. Адал азамат болуға ұмтылуымыз қажет. Сонда әрқайсымыз Отанымызды өркендетуге үлес қосамыз.

Мен үшін Ұлттық құрылтай жұртшылықпен кездесіп, жай ғана пікір алмасатын жер емес. Оны еліміздің мәдени-рухани өрлеуіне жол ашатын шамшырақ деуге болады. Яғни, құрылтай алаңында қоғамның жаңа этикасын және оның жаңа даму үлгісін қалыптастыру мәселесі қаралады. Әрине, бұл – бір күнде бітетін шаруа емес. Ол үшін күн сайын тынымсыз еңбек етуіміз керек. Бір сөзбен айтқанда, мемлекет пен қоғам бірге жұмылып жұмыс істеуі қажет. Бұл ұлттымыздың бойына орасан зор күш-құат дарытады, өзгеріске деген құлшынысын оятады. Сонда ғана еліміз көздеген мақсатына жетеді. Осылайша, алдағы онжылдық еліміздің нағыз өрлеу дәуіріне айналмақ. Мен бұған кәміл сенемін.

## ҚАДІРЛІ ҚАЗЫМ!

Баршаныңа мәлім, қазір Құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жұмыс істеп жатыр. Осыған байланысты көптеген архив материалдары зерттелуде. Бұрын халқымызға беймәлім болған тың мәліметтер жарыққа шығып жатыр. Жақында сол құжаттардың ішінен «авторы Жүсіпбек Аймауытұлы» деп көрсетілген шығарма табылды. Мұны екі дерек көзі растап отыр. Өлеңмен жазылған туындыны ел кезде тәркіленген Алаш зиялылары сол кездерінің бір бөлігі деуге негіз бар. Онда ұлттың жаны ешқашан өлмейтіні жырланған.

Шын мәнінде, қазақтың қайсар рухы ешқашан сынбаған. Керісінше, әрбір қиындық жұртымыздың жігерін жанып, халықты шынды түскен. Алаш рухы Қазақ мемлекетімен бірге мәңгі жасайды. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастырып, әлемдегі өз орнымызды айқындаймыз. Қазақ елінің Адал азаматтары болып, Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз.

## АРДАҚТЫ АҒАЙЫН!

Жиынның соңында елдің рухын көтеретін тағы бір жақсы жаңалықты сіздермен бөліскім келеді.

Әйгілі Марал ишанның Кенесары ханға сыйлаған Құраны табылды. Бұл – еліміздің рухани өміріндегі елеулі оқиға.

Марал ишан барша қазаққа танымал адам болған. Ол – төл тарихымызда ерекше орны бар Кенесары ханның үзенгілес серігі.

Бұл Құран екі ғасыр бойы қолдан қолға өтіп, ақыры шетелге шығарылған екен. Оны жанашыр азаматтардың, меценаттардың көмегімен Қазақстанға қайтарып алдық. Құранда Марал ишанның және Кенесары ханның мөрі бар. Жәдігерге жан-жақты сараптама жасалды. Отандық және шетелдік ғалымдар Құранды мұқият зерттеді. Құранның, расында, Марал ишанға тиесілі болғаны және Кенесары ханға берілгені анықталды.

Кез келген өркениетті ел өзінің тарихи мұраларына зор құрметпен қарайды. Оны қастерлеп, мұражайға немесе басқа да арнайы орындарға қояды. Біз де бабалардан мирас болған әрбір жәдігерді қадірлеп, сақтай білуіміз керек. Осы Құранды жақында Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасына табыс етеміз. Өйткені бұл – бүкіл елге ортақ қазына. Құнды мұраның барша халқымыз үшін қастерлі орында тұрғаны абзал. Сондықтан Құранды қалпына келтіріп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қойған жөн деп санаймын.

Кезінде Тайқазанның елге оралуын жұрт жақсы ырымға балаған еді. Көп ұзамай Қазақстан Тәуелсіз мемлекет болды. Ұлт азаттығы үшін күрескен Кенесарының қолында болған Құран кітабының елге келуі де жақсы ырым деп ойлаймын. Бұл оқиға Қазақстанның жаңа дәуірінің берекелі бастауы болсын деп тілейік.

Осымен, Ұлттық құрылтайдың екінші отырысын қорытындылайық. Былтыр Ұлытауда, Биыл киелі Түркістанда бас қосып, елдік мәселелерді талқыладық. Ел тарихында айрықша орны бар тағы бір аймақ – Атырау облысы. Ондағы әйгілі Сарайшық қаласында атақты хандарымыз ордасын тіккен. Мен Ұлттық құрылтайдың келесі отырысын осы шежірелі аймақта өткізуді ұсынамын.

Елімізде лайым жақсылық көп болсын! Баршаныңа амандық тілеймін!

**Мәулен ӘШІМБАЕВ,**  
Сенат төрағасы:

## ЖАҢА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМ АЙҚЫНДАЛДЫ



– Киелі Түркістан төрінде Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы өтті. Бұл жолы қозғалған мәселенің мазмұны ауқымды, маңызы ерекше болды. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбына арналған жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлттық бірегейлігімізді нығайту және елімізде жаңа құндылықтарды орнықтыру жөніндегі ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Шын мәнінде, тұтас дүние алмағайып кезеңді бастан өткеріп жатқан қазіргі таңда елдің іргесін бекемдеу, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру және қоғамда адамгершілік, білімпаздық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кеңінен дәріптеу айрықша маңызға ие. Осы орайда Президентіміз мемлекеттік нишандарды жетілдіру, ұлттымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды қамқорлау сияқты мәселелерді бір тұтастығын одан әрі нығайту бағыттарына ерекше тоқталды. Соған сәйкес төл тарихымыздың көптомдық жинағын келесі жылы аяқтауды тапсырды. Тарихи тұлғаларымыздың бірыңғай тізімін жасау және қолданыстағы кейбір ордендерді Бейбарыс сұлтан сияқты халқымыздың біртуар перзенттерінің есімдерімен атау мәселесін де көтерді.

Мемлекет басшысы Құрылтайда өскелең ұрпақтың тәрбиесіне де баса назар аударды. Бүгінгі буын ұлттымыздың ертеңгі келбеті, болашақ болмысы екені анық. Сондықтан жас ұрпақтың патриот, білімді, дені сау тұлға болып қалыптасуы ана маңызды. Осы жолда ата-ана, мектеп және бүкіл қоғам болып жұмылуымыз қажет. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы ақпарат саясатының тиімділігін

**Ерлан ҚАРИН,**  
Мемлекеттік кеңесші:

## РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН КӨРДІК

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде қоғамның рухани дамуының перспективалары мен тұжырымдамалық бағдарына ғана айқындап берген жоқ. Сонымен қатар, еліміздің жаңа идеологиялық стратегиясын іске асырудың нақты қадамдарын ұсынды.

Бұл арада негізгі бірнеше бағытты атап өту керек. Біріншіден, Мемлекет басшысы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды одан әрі дамытуды, халқымыздың бірегейлігін нығайтуды идеологиялық жұмыстың басты басымдықтары ретінде айқындап берді.

Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне кіріскен сәттен бастап Тәуелсіздік мұраттары және патриотизм, еңбек пен білім культі, құқық пен тәртіп, адамгершілік пен жауапкершілік секілді құндылықтарды мақсатты түрде алға тартып келеді. Енді Президент бұл құндылықтарды «Әділетті Қазақстан – Берекелі қоғам – Адал азамат» атты бірыңғай тұжырымдамаға біріктіріп отыр. Қоғамның жаңа

арттыру, креативті индустрияны дамыту, мемлекеттік саясатта талдау, сараптама жасау қызметін сапалы жүргізу және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жаңғыртуға қатысты басымдықтарды да атап өтті.

Президентіміз кітап басып шығару ісі идеология жұмысындағы негізгі бағыттың бірі екенін айтып, «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Сондай-ақ тәулік бойы жұмыс істейтін Президент кітапханасын ашу туралы ойымен бөлісті. Шекара маңындағы ауылдардың ахуалы елдің адамгершілік, білімпаздық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді кеңінен дәріптеу айрықша маңызға ие. Осы орайда Президентіміз мемлекет басшысының Қатон-Қарағай, Марқакөл, Мақанши аудандарын қалпына келтіру туралы шешімі ұлттық тұтастығын одан әрі нығайту тұрғысынан жасалған ұтымды қадам екені сөзсіз.

Осы құрылтайда еліміздің алдағы жаңа идеологиялық тұжырымы айқындалды деуге толық негіз бар. Президентіміз осы бағдарды орнықтыру үшін мемлекеттік аппарат, сарапшылар, ғалымдар, тілшілер, азаматтық қоғам өкілдері бір кісідей атсалысуы қажет екенін тілге тиек етті. Елдік мүддені көздейтін бұл істен Парламент Сенаты да қалыс қалмайды. Алдағы уақытта Құрылтайда айтылған ойлар мен ұсыныстар ар қазақстанның адал азамат болып қалыптасуына, мемлекеттілігімізді нығайтуға және Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекітетуге өз үлесін қосады деп сенеміз.



Әдеби қалыптастыру бағытындағы жұмыс өте ауқымды. Оны жүзеге асыруға мемлекет те, тұтас қоғам да, еліміздің әрбір азаматы да жауапкершілікпен қарауы қажет.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша нақты жобалар ұсынды. Ал бұл – еліміздің идеологиялық бағытын дамытудың нақты бағдарламасы. Сонымен қатар, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жөніндегі бастамаларды тез арада іске асыру мүмкін емес. Осылайша, Президент ел дамуының ұзақ мерзімді күн тәртібін белгілеп берді.

Төртіншіден, аталған бастаманың жүртішылдігіне ұсынылған уақытын да ерекше атап өткен жөн. Біз қазір саяси реформалардың басым бөлігін жүзеге асыруды аяқтап, экономикада үлкен өзгерістерді бастайтын сәтте тұрмыз. Сондықтан Президенттің қоғамдық құндылықтарды нығайту туралы бастамасы дер кезінде көтеріліп отыр. Жалпы алғанда, біз Президент реформаларының үш бағыттағы үйлесімділігін көріп отырмыз: саясат, экономика, идеология.



№72 (4505) 20/06/2023 Сейсенбі

## 300 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биыл жаңадан ашылатын көпір мен жөндеуден өтетін көшелер туралы ақпарат таратты. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Қала басшысы Жеңіс Қасымбек жол инфрақұрылымын дамытуға көңіл бөлінетінін айтты. Осыған орай бас қаладағы 300 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар биыл қалаға 400 автобус жеткізу жоспарланып отыр. Оның басым бөлігі шілде айынан бастап әкелінеді.

«Қала мен тұрғындардың өсуін назарға ала отырып, тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің нысандарын салумен бірге, жол инфрақұрылымын дамытуға да көңіл бөлеміз. Биыл қалаға 400 автобус жеткіземіз. Ал басым бөлігі шілде айынан бастап жеткізіле бастайды» деді әкім.

«Сондай-ақ қала жолдарындағы көлік ағынын сөйлету үшін биыл Есіл өзені арқылы өтетін Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің құрылысын аяқтаймыз. Бұл көпір жолдардағы кептелісті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді, сол сияқты сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа

теміржол вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Әзірет Сұлтан мешіті ауданымен, Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен және т.б. қосымша байланысты қамтамасыз етеді» деп жалғайды сөзін қала басшысы.

Сонымен қатар ол барлық ауданда жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Биыл ұзындығы 54 км-ден асатын 70-тен астам көшені жөндеуді жоспарлап отырмыз. Мәселен, олар Ғұмар Қараш, Қордай, Бурабай, Белжайлау көшелері, Кенесары көшесінің Ғабдуллин көшесінен Республика даңғылына дейінгі аралығы, Уәлиханов көшесінің Кравцов көшесінен Бөгенбай батыр даңғылына дейінгі аралығы, Тәшенев көшесінің Республика даңғылынан Амман көшесіне дейінгі тұсы, Иманбаева көшесінің Иманов көшесінен Кенесарыға дейінгі аумағы, әл-Фараби даңғылының Алаш тасжолынан Пушкин көшесіне дейінгі жері, Жеңіс даңғылының Бөгенбай батыр тұсынан Кенесары көшесіне дейінгі аралығы, Еңбекшілер көшесінің құрылысы Ұлы дала даңғылынан Бұқар жырау көшесіне дейінгі тұсы; Рысқұлов көшесінің Мәңгілік ел даңғылынан Қайсенов көшесіне дейінгі аралығы, Сарыарқа, Р.Қошқарбаев даңғылдары және тағы басқалары. Биыл шамамен 300 көше жөндеуден өтеді» деп сөзін түйіндеді әкім.

Биыл қазақстандықтар алғаш рет Әкелер күнін атап өтті. Осыған орай, елордадағы Ботаникалық бақта Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен қала әкімдігі «Әке – отбасының тірегі» атты мереке ұйымдастырды.

## ӘКЕ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ



Іс-шараға Ақпарат және Қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Altyn Urgan Foundation қоғамдық қорының қамқоршылар кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов, Республикалық ардагерлер кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет қатысып, жұртшылықты мерекемен құттықтады.

– Бүгін біз еліміздегі Әкелер күнін алғаш рет атап өтіп отырмыз және бұл күні әр шаңырақта жаңа дәстүр қалыптасады деген ойдамын. Әке болу дегеніміз – балаға жақсы дос, серіктес болу және отбасылық міндеттерді бөлісе атқару. Әкелер бала тәрбиесімен айналысып және оларға қамқорлық көрсете білсе, баланың жан-жақты дамуына оң әсер етіп қана қоймай, отбасын нығайтып, ерлі-зайыптылар арасындағы жауапкершіліктің тірек болып табылады. Алайда біркелкі бөлінуіне ықпал ететіні белгілі. «Отан – отбасынан басталады» деген жақсы сөз бар. Сол отбасының тірегі – отағасы, қарашаңырақтың иесі – әкелер.

Әкелеріміз мықты болғандықтан, бізге осынау ұлан-ғайыр дала мұра болып қалған. Әке, ата ұғымында кие мен қасиет бар. Ата-жұрт, Атамекен деуіміздің сыры – осында. Туған топырақ атаның, ананың есімімен тікелей байланысты. Қолына қалам ұстаған кез келген азамат ата-ана туралы толғайды. Әкелерге арналған мереке отбасы құндылықтарын дамытатыны сөзсіз» деді Дархан Қыдырәлі.

Үкіметтің қаулысымен біздің елімізде бұл мереке енді жыл сайын маусымның үшінші жексенбісінде аталып өтілетін болды.

– Әкелер күні көптеген Азия елдерінде бар. Біз осындай мерекені өзімізде ұйымдастыруды шештік. Себебі қазақтардың отбасындағы әкенің рөлі әрқашан маңызды болған. Ер адам өзі үшін ғана емес, әйелі мен балалары үшін де жауап береді. Ол отбасында негізге тірек болып табылады. Алайда ата-ана тәрбиесімен негізінен, аналар айналысады, ал біз бұған ер адамдар да белсенді қатысқанын қалаймыз, – деді Мақсұтбек Айтмағанбет.

## ДӘРІГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Медицина қызметкерлерінің төл мерекесіне орай Қазақстанда биыл 2449 дәрігер түрлі марапаттарға ие болды. Соның ішінде Астана қаласындағы №3 көпсалалы ауруханада бірнеше дәрігерге сіңірген еңбегі үшін арнайы төсбелгілер табыс етілді.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Аталған аурухананың дәрігерлеріне «Еңбек ардагері», «ҚР денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау саласының үздігі» төсбелгілері мен Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамоталары берілді. Атап айтқанда, бұл марапаттар аурухананың нейрохирург дәрігері №3 Юрий Дихтырға, дәрігер дерматовенеролог Мағрипа Баймұратоваға, аға медбикелер Айна Жұмағұлова мен Екатерина Коньковаға, нейрохирург дәрігерлер Ермек Ибраевқа,



Гүлбаршын Айнақұловаға, дерматовенеролог Әлия Қариеваға және УЗИ дәрігері Жанна Сүлейменоваға табысталды. Аурухана директоры Жұлдыз Данбаеваның айтуынша, жыл басынан бері бұл емдеу мекемесінде 13500 пациент емделіп шығып, 3301 жүкті әйел босандырылған, 3343 сәби дүниеге келсе, соның екеуі үшем болған, сонымен қатар 4500-ден астам ота жасалған.

– Біздің стационар адам өлімі жағынан ең төмен көрсеткіш-

ке ие, ана өлімі жоқ. Арызшағымдар үш есе төмендеді. Консультативтік-диагностикалық бөлімшелерде, травматологиялық пунктте, зертханаларда биыл 100 мыңнан астам пациент қабылданды. Бүгінгі таңда Астана қаласы әкімдігінің жергілікті бюджеті есебінен жоғары технологиялы медициналық жабдықтар алынды. Олар емдеу мен ауру диагностикасының сапасын жақсартуға септік етеді, – деді Жұлдыз Данбаева.

Бүгінде елімізде барлығы 270 мың медицина қызметкері еңбек етсе, соның 79 мыңы – дәрігерлер, 191 мыңы – орта медициналық персонал. Қазақстанда медициналық жоғары білім беретін 8 ЖОО және көпсалалы оқу орындары құрамында 7 факультет бар. 2022-2023 оқу жылындағы медициналық саладағы студенттер саны 64 мыңнан астам. Былтыр 7450 медицина маманы оқу бітірген.

## ӨРТ НЕГЕ ӨРШІДІ?

Кеше түс кезінде Астана маңындағы құрғақ шөп өртенді. Елордалықтар өрт неден өршіді деп елеңдеді. Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өрт 15 гектар аумақты алды.



«19 маусымда сағат 09.12-де Астана қаласының ТЖД бөлімшелері құрғақ шөптің өртенуі туралы келіп түскен хабарламаға шықты.

Келген бойда өрт сөндірушілер Қорғалжын тас жолы мен Қосшы қаласының айналма жолында құрғақ шөптің өртенуін анықтады.

Өрт сөндірушілер 15 гектар аумақтағы өртті жою жұмыстарына шұғыл кірісті. Қатты екпінді желдің және жердің

батпақтығы салдарынан сондай-ақ кірме жолдардың болмауымен қиындық туғызды.

Өртті сөндіруге жеке құрамның 158 адамы және Астана қаласы ТЖД техникасының 33 бірлігі, әкімдіктің 8 суару машинасы және «Астана орманы» мекемесінің 10 бірлігі жұмылдырылды.

Өртті сөндіру үшін Қорғаныс министрлігінің 2 МИ-17 тікұшағы тартылды» делінген хабарламада.

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2023 жылғы 30 маусым сағ.10.00-де** Астана қаласы мәслихатының сегізінші шақырылымының кезекті сессиясы шақырылады.

**Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:**

1. Астана қаласының тұрғындарына Көліктік қызмет көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы.
2. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 104/15-VII «Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
3. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы №395/52-VI «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
4. «Нұр-Сұлтан қаласының құрметті азаматы» атағын беру Қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 257/39-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
5. «Нұр-Сұлтан қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 24 қарашадағы № 110/15-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы».

7. Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

8. Астана қаласы әкімдігі жанындағы Жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Сараптамалық кеңестің құрамы туралы.

9. Астана қаласына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

10. Қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын орындайтын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі кеңестің құрамы туралы.

11. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселе туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-35, 55-66-37

**Е. КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы



## БАЙЫРҒЫ БОЗОҚТАН – БҮГІНГІ «ӘЛЕМ ҚАЛАСЫНА»

Франция десе – Париж, Ұлыбритания десе – Лондон, Түркия десе, ең алдымен, сырлы да сиқырлы Ыстанбұл елестейтіндей, Қазақстан десе көз алдыға Арқаның төсінде орналасқан ажарлы қала – Астана келеді. Ерке Есілдің жағасын бойлай орналасқан келбетті де сәулетті қала, естеріңізде болса, 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем қаласы» атанған болатын. Биыл 25 жылдық мерейтойын тойлап жатқан ел мерейі, айшықты елордамыздың қалай жері жұтаң, ауа райы қолайсыз Ақмоладан айтулы Астанаға айналғанына бір шолу жасап өтсек.

негізгі өлшемін көрсетіп берген. Олар: әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, көлік инфрақұрылымы, инженерлік-коммуникациялық, құрылыс, еңбек ресурсы және басқа да қолайлы мүмкіндіктер еді. Басында тек болжам ғана болған осы 32 артықшылық кейін нақты өмір ақиқатына айналып, күн санап көз алдымызда салынған Астана Қазақстанның атағын алты құрлыққа паш етті.

### БОЗОҚ, ӘМІРШІ ТҰРАҒЫ. ҚАРАУЫЛ МҰНАРАСЫ

«Бүгінгі елордамыздың батысынан 5 шақырым жерде орналасқан қыпшақтардың ежелгі байтағы Бозоқ қалашығы қазақтың бас қаласы – Астананың түпқазығы деуге лайық». Бұл тұжырымды академик Кемел Ақышев осыдан бірнеше жыл бұрын айтқан болатын. X-XI ғасырларда тұрғызылған қала сол кездің өзінде Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларынан шыққан әміршінің тұрағы, ордасы болғанына дәлел ретінде ғалым қалашық орнынан табылған үш кесене мен биік қарауыл мұнараны, сондай-ақ тұрмыстық заттар мен қару-жарақтар, арабтың күміс теңгелері мен қытайдың мыс айналарын алға тартты. Есіл мен Нұра секілді қос өзенді жағалай орналасқандықтан, бұл жерден оңтүстік пен солтүстікті байланыстыратын керуен жолдары өтіп, соның арқасында Бозоқ қаласында сауда мен қолөнер қарыштап дамыса керек. Ол аз десек, бұл шаһар рухани және дәстүрлі мәдениеттің орталығы болыпты.

### ЕУРОПАНЫҢ КӨЗ ҚҰРТЫНА АЙНАЛҒАН...

Қазақтың Сарыарқасында жатқан сайын даласы тек Ресей ғана емес, сонау ерте заманның өзінде тіпті Еуропаның да көз құртына айналғанын көруге болады. Оған бір дәлел – 1252-1255 жж. Франция королі IX Людовигтің қазақ өлкесіне Рубрук Виллем атты фламанд саяхатшысын құпия тапсырмамен аттандыруы. Шығысқа баратын жолды барлап, маңызды елді мекендерді көруге келген саяхатшы еліне оралған соң корольге Ертіс, Нұра, Есіл, Кеңгір, Сарысу, Қорғалжын, Балқаш өзендерін сипаттап берсе керек. Және содан көп ұзамай, 1271-1295 жылдары Қытайға барған жолында Марко

Поло да қазақ жерін кесіп өткен. Ақмола жерінің орта ғасырлардағы тарихи дамуы, міне, осындай.

### АЛҒАШҚЫ ПОЙЫЗ. АЛЫП ЗАУЫТ

Ал әріге бармай, осы өткен XX ғасырға шолу жасасақ, 1914 жылы қалада үш кірпіш, төрт май өңдеу, екі тері илеу, екі сабын қайнату, екі тон тігу, қасапхана, 20 шеберхана болыпты. Мәдени-ағарту орындарынан үш жалпы білім беретін училище, мектеп, медресе, екі кітапхана болды. Қала тұрғындарының саны 15 мыңға жеткен. 1928-1930 жылдары жай округ орталығы болған қала біртіндеп ауданның, 1939 жылы Ақмола облысының әкімшілігі атанады. Ең алғаш мұнда пойыз 1929 жылдың қарашасында келген. Бұрабай-Ақмола, Ақмола-Қарғалы, Ақмола-Павлодар темір жолдарының іске қосылуы бұл шаһарды еліміздің солтүстік және орталық өңіріндегі ірі транспорт торабына айналдырады. Соғыс жылдарында Ресейден Ақмолаға «Мелитополь» станок жасау зауыты көшіріліп, «Қазақ ауылмаш» кәсіпорны іске қосылды. Солайша біртіндеп өнеркәсіптің басқа да жаңа салалары пайда болды.

### ХРУЩЕВ. ТЫҢ ӨЛКЕСІ. 250 МЛН ТОННА АСТЫҚ

Еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Ақмола облысымен бірге қаласы да елеулі өзгерістерге ұшырады. 1960 жылдың 26 желтоқсанында Тың өлкесі құрылып, оның орталығына айналған қаланың атауы көп ұзамай Целиноград болып өзгереді. Хрущев тың өлкесін РКФСР-дың заңдық құзырына беруге ұсыныс жасайды. Алайда ол ойы жүзеге аспай, Тың өлкесі Қазақ КСР құрамында қалады және кейін тың игеру

науқаны аяқталған соң, күні өткен аумақтық құрылым ретінде жойылады. Ақыры Целиноград астанаға айналды: Целиноград – Ақмола – Астана болып дәйекті бірнеше рет қайта аталып отырып, тәуелсіз де егемен Қазақстанның кіндік қаласына айналды. Жалпы, тың және тыңайған жерлерді игерудің ширек ғасырында Қазақстан 250 млн тонна астық сатқан.

### ӘЛЕМДЕГІ ЖАЛҒЫЗ МҰХИТАРАЛ

Осылайша XIX ғасырда шағын ауыл ретінде ғана құрылған қала уақыт өте келе өсіп, бүгінде Орта Азиядағы ең ірі мегаполистердің біріне айналды. XXI ғасырда салынған соң астанамыздың сәні мен сәулетін де барынша заманға сай әрі ешбір құрылыс нысанына ұқсамайтын



### 32 ӨЛШЕМ БОЙЫНША ТАҢДАУ

1994 жылы 6 маусымда қалаға ежелгі аты қайтарылды. 1996 жылы 6 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдады. Бір жылдан кейін, 1997 жылы 20 қазанда еліміздің сол тұстағы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал енді тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып не үшін Ақмола қаласы таңдалды дегенге келсек, ҚР Тұңғыш Президенті болған Н.Ә.Назарбаев 32

ерекше етуге тырысты. Расында, бүгінде шатыр және сфера пішіндес әлемдегі ең ірі ғимараттар Астана қаласында орналасқан. Олардың ішінде ең үлкен ғимарат «Хан Шахтыр» сауда, ойын-сауық орталығы болса, ең үлкен шар тәріздес ғимарат «Нұр Әлем» немесе «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу аумағында орналасқан «Болашақ мұражайы» екен. Бұл екі ғимарат та қаланың көркіне көрік қосып тұр. Ал Астанадағы океанариум – мұхиттан үш мың километрден астам қашықтықта орналасқан әлемдегі жалғыз мұхитарал. Әлемде алғаш рет диаметрі 22 метрлік, салмағы 300 тоннадан тұратын «Бәйтерек» монументінің жөні тіпті бөлек.

**P.S:** Қазір Астана – Қазақстанның елордасы ғана емес, әлемдегі ең заманауи қалалардың бірі. Архитектуралық сән-салтанаты өз алдына, бұл қалада 30 жылға жуық уақыт ішінде түрлі сала бойынша тарихи оқиғалар орын алған. Мәселен, Қазақстанда жасанды жүректі ауыстыру операциясы ең алғаш осы Астана қаласында өткен. 2017 жылдың соңында Ұлттық ғылыми медициналық орталықтың басшысы Юрий Пяның басшылығымен өткен отада жүрек функциясының ауыр жеткіліксіздігінен зардап шеккен 60 жастағы пациентке терминалдық кезеңде жасанды жүректі имплантациялау жүргізілді. Және елорда болмай тұрып қалада небәрі 275 мың адам өмір сүрсе, бүгінде оның тұрғындарының саны 1 миллионнан асқан.

Мәриям ӘБСАТТАР



Роза МҰҚАНОВА,  
Мемлекеттік  
сыйлықтың лауреаты,  
жазушы-драматург:

### АСТАНА – ЕЛІМІЗДІҢ ТҮЛЕУІ

– Астана – қазақтың елордасы, тәуелсіздігіміздің куәсі. Елорда еңсеміздің көтерілген, мерейіміздің дәуірлеген, тарихымыздың түлеген кезеңінде қалыптасты. Бірақ барымызды баптап, сұлулығымызды сақтау үшін де күтім, қайсарлық, жауапкершілік қажет. Кейде ойлаймын жайлап алған жауапсыздық Астананың көркіне нұқсан келтірмей ме екен деп.

Астананың мерейлі жылдығында мұндай көңіл күймен сөйлеу әбестік те болар. Бірақ елорданың дамуы да, көркі де бас қалаға сай болса деп армандаймыз.

2003 жылы біз елордаға көшіп келгенде, Астананың ауасы тап-таза, көлік аз еді. Жабайы қоян жанымыздан зуылдап желіп өтетін, аққуы Есілде ойнап, шағаласы шуылдасып, сүйіншілей ұшатын. Ертегідей еді... Жусан иісі бұрқырап, Арқаның даласы ән салғандай, сыбызғы тартқандай иен даланың ақселеуі бұрала есіп, сәждеге иілгендей көмкеріліп тұратын.

Алматының көк түтінінен шашалып, қашып шыққан алғашқы көштің көркі осы сұлулыққа ынтызар болдық. Арқа атқа қондырғандай шабыттандырып, еркіндікке елірте сендірді. Шынын айтқанда, бұл қалада өзге ұлттың ұпайы көбірек, көкірегі мығым болатын. Дүркірей қонып жатқан жаңа көшті көргенде қызғанышпен де, қарсылықпен де қарсы алғандар, көңілі алаң болғандары бар.

Астананың көшуі тарихи сәт болды. Көз ілеспес жылдамдықпен Астана көркейіп келеді. Бұрынғысынан да әдемі, көз тартар көркем келбеті бар. Бірақ шаһардың келешегі қандай болмақ, болашақтағы инфрастрүктурасы тұрғындар көңілінен шыға ма? Осы тұстардағы мәселелер шешімін табатын болар.

Астана – жас қала, жастардың, болашақтың қаласы. Сондықтан өркендеу де, жаңғыру да Астана шаһарының үлесінде болары сөзсіз. Орман-талы тербелген, ауасы таза, тұрғындары мәдениетті әйгілі шаһарлардың қатарынан көрінетін көрікті қала болады деп ойлаймыз. Сол үшін әр астаналық күш саламыз. Біз өзіміз біргеміз, қазақтың астанасы!



– Еліміздің Астанасы биыл 25 жылдығын атап өтеді. Елордамыздың дамуы, сәулеті, мәдениеті, өркендеу жолдарын қалай бағамдар едіңіз? Қазақ елі астанасының ерекшелігі неде деп есептейсіз, нені ескерген жөн?

– Мен Астанада 2012 жылдан бері тұрамын. Сондықтан елорданың дамуы маған ерекше әсер етеді. Көз алдымда өсіп жатқан қаланы көрдім. Назарбаев университетінің екі-ақ корпусы тұратын кезі, айдалада өзі ғана тұрғаны есімде (ол кезде Mega Silk Way де жоқ). Астана Опера ғимараты қалай салынып жатқанын да үлкен қызығушылықпен көргенім есімде. Астана – серпінді дамып келе жатқан қала. Бірнеше апта қалада болмасаңыз, келгенде жаңа ғимараттарды көруге дайын болыңыздар. Елорда күннен-күнге көркейіп, саябақтардағы ағаштар өсіп, бос орындар тұрғын үйлер мен кеңселерге толып жатыр. Осыған қуанамын.

– Астанадан алған алғашқы және кейінгі әсеріңізбен бөліссеңіз. Елордалықтар сіз үшін несімен ерекше? Көше мәдениеті, қоғамдық орындардағы тұрғындар мәдениеті туралы не айтар едіңіз?

Дженни ЛЕТИНЕН:

## БАС ҚАЛАҒА КЕЛІП АТҚА МІНУДИ ҮЙРЕНДІМ

Дженни Летинен – Назарбаев университетінің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебіндегі «Әлемдік тілдер және әдебиет» кафедрасының доценті, Associate Professor, Финляндиядан келген оқытушы. Онымен Астананың 25 жылдығына қатысты тілмаш арқылы аз-кем тілдескен едік.

– 2012 жылы тамыздың аяғында алғаш келгенімде «Бәйтерек» монументінің аумағындағы суреттер әлі есімде. Мені үлкен бос кеңістіктер, көшелер мен ғимараттардың тамаша геометриясы таңғалдырды.

Көше мәдениеті – Астананы тұруға немесе баруға тартымды ететін фактордың бірі. Бас қаланың көше мәдениеті керемет, әсіресе жаздың жылы мезгілінде барлығы саябақтар мен дәмханаларда жиналып, бақытты сәттерден ләззат алады.



– Қазақтың қандай салт-дәстүрімен таныстыңыз, тілін үйренуге талпындыңыз ба?

– Қазақстанда тұру мені атқамінуді үйренуге шабыттандырды, бұл енді менің хоббиім. Атқа мінуді үйрену менің өмірлік арным болғанмен, Қазақстанға көшіп келгенде

ол орындалмас еді деп ойлаймын. Мен ат спорты арқылы қазақ тілін де үйрендім және ағылшын тіліндегі сөз тіркестерінің орнына қазақ сөздерін жиі қолданғанды ұнатамын. Сосын мені бұл ел манты жауауға үйретті, бұл – мен үшін мақтан тұтатын нәрсе.

– Астананың қай жерлерінде серуендегенді ұнатасыз? Елорданың қай жыл мезгілі ұнайды?

– Маған әсіресе Астананың саябақтары, соның ішінде Орталық саябақ, Ботаникалық бақ, Президент саябағы ұнайды. Бұл саябақтардың әрқайсысының өзіндік атмосферасы мен сүйкімділігі бар. Астананың көктемі мен жазын жақсы көремін. Негізі, мен жазғы демалысымның көбін Астанада өткіземін, бос уақытымды өткізуге жақсы қала ретінде санаймын. Дегенмен қыс мезгілі, қиындығына қарамастан, мен бас тартпайтын тәжірибе.

– Елорданың ерекшелігі қайсы, кемшін тұсы қандай?

– Астанаға қоныс аударғандар көбейген сайын көлік қозғалысы нашарлап барады. Бұл – дүние жүзіндегі ірі қалаларда жиі кездесетін мәселе, бірақ тұрғындардың қолайлылығын қамтамасыз ету үшін оны шешу қажет.

– Астананың 25 жылдығына қандай тілек айтар едіңіз?

– Болашақта Астананың гүлденуіне тілектеспін. Қала көп ұрпақтың мекеніне айналып, көптеген мейірімді қонақтарды қарсы алып, өзін бүкіл әлемге жария етсін!

Сұхбаттасқан  
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Бас қаланың сол жағалауында бой көтерген Орталық Азиядағы ең ірі театр әлемдік сәулеттің ең үздік дәстүрлерін ескере отырып салынды. Архитектурасында қазақтың ұлттық нақышы ерекше орын алды, ал техникалық жабдықталуы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Театрдың кірпішін қалауға отандық мамандармен қатар Швейцария, Италия, Албания, Марокко, Ресей шеберлері де қатысты. Жобалау барысында мұндай ғимараттарды салудағы жинақталған әлемдік тәжірибе ескерілді.

Ғимаратты жобалауға құрметті сәулетші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жандарбек Мәлібеков қатысты. Атап айтқанда, театрдың ұшар басындағы жылқылар – еліміз елтаңбасы авторының туындысы. Жалпы, театр ғимараты – ұжымдық жұмыстың жемісі. Оған 33 мемлекеттік құрылысшылары мен сәулетшілері қатысты.



## «АСТАНА ОПЕРА» ТЕАТРЫ

Елордадағы әсемдігімен көз тартар ғимараттың бірі – «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының ашылғанына биыл 10 жыл толады. Өнер ошағы 2013 жылдың 21 маусымында қазақтың классик композиторы, КСРО Халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсымен алғаш шымылдығын түрді.



“

«Астана Опера» театрының үлкен концерт залы 1250 көрерменге есептелген. Ал камералық зал 250 адамға арналған. Бұған қоса, ғимаратта 8 қосымша зал, 11 репетиция орынжайы бар

Грек-рим мәдениеті, қазақтың сәулет өнері, маньеризм мен барокко сәулет стилі астасқан өнер ошағының кіреберіс маңдайшасын мүсіншілер Мұрат Мансұров пен Тоқтар Ермековтің «Қобызшы» және «Жетігенші қыз» туындылары әшекейлеп тұр. Бұл мүсіндік композициялар Италияның Виареджо және Петро-Санта қалаларында құйылды.

Театрдың төбесіне қойылған квадрига (авторы – Қанат Нұрбатыров) сақ патшайымы Тұмар ханымның бейнесінде берілген. Барлық мүсіндік композиция қоладан құйылып, уақыт өтісімен платинамен бүркеліп, көркемдік қасиеті одан сайын әрлене түсті.

«Астана Опера» театрының үлкен концерт залы 1250 көрерменге есептелген. Ал камералық зал 250 адамға арналған. Бұған қоса, ғимаратта 8 қосымша зал, 11 репетиция орынжайы бар.

Театрдың шығармашылық жетістігін атасақ, өнер ұжымы сахналаған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығын (2018) және «Жылдың театр алаңы» аталымында классикалық өнер саласындағы «BraVo» халықаралық сыйлығын (Мәскеу, Ресейдің Үлкен театры, 2019) иеленді.





## БАЛАЛАРҒА ЖАЗ МАУСЫМЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

Биыл Астана қаласында оқу жылы 1 маусымда аяқталып, елорданың жалпы білім беретін мектептерін 18443 оқушы бітірді. Енді олар жазғы демалысын қалай өткізеді? Жазғы лагерлерге бара ала ма? Спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелерге қатысу мүмкіндігі жасалған ба? Ең бастысы, осы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігі қалай қорғалады?

### Танатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Жақында еліміздің Премьер-министрі Әлихан Смайылов оқушылардың мектеп бітіру емтиханын тапсыру кезінде толық қауіпсіздігіне кепілдік беріліп, әсіресе, ауылдық жерлерде олардың спорт алаңқайларын мольнан салып, бос уақытын тиімді өткізу үшін көпшілік-мәдени шараларды жоспарлы түрде өткізіп тұруды тапсырды. Бұған қоса, әкімдіктерге сауықтыру орындары мен жазғы лагерлерге әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балаларын бірінші кезекте жіберу мәселесін шешу міндеті қойылды.

### ЖАҢА ЖОБАЛАР

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, биыл лагерлер мен сауықтыру орындарына 1-10-сынып оқушыларының 85,3 пайызы жолдама алмақ. Бұл – шамамен 2,8 миллион оқушы. Олардың 500 мыңы – арнайы санаттағы отбасылардың балалары. Биыл балалар үшін қала сыртында – 218 (олардың 118-і – мемлекеттік, 100-і – жекеменшік), мектеп жанында 10,2 мың профильді және лагер-шатыр дайындалыпты.

Сонымен қатар, еліміздің жетекші университеттері жанында жазғы және олимпиадалық мектеп резервтерінің жұмысы мен дәстүрлі-мәдени құндылығын таныстыратын «Этноауыл», «Жаздық жолдама» жобалары да жүзеге асырылмақ. Бұған тек елорданың өзінде 2600-ге тарта оқушы қатыспақ.

Мұндай жаңа жобаларды қолдай отырып, Денсаулық сақтау министрлігі барлық емханада жазғы лагерге баратын балалардың медициналық тексеруден өтуін барынша ыждаһатты ұйымдастыруда. Өйткені денсаулық жағдайы туралы иммундық дәрежесі мен

эпидемиологиялық жағдайы көрсетілген қорытынды анықтама болмаса, оқушы сауықтыру орны мен лагерге жіберілмейді. Айта кету керек, қала сыртындағы лагерлер 400-ге тарта медицина қызметкерімен де қамтамасыз етіліп отыр.

### ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫ

Қазір «жазғы мектеп» деген түсінік бар. Мұнда оқушылар қалаған секциясына барып, таңдаған үйірмесіне қатыса алады. Бірақ олардың көбі тегін болмайды. Астана қаласында үш-төрт мектептің жанында ғана ақысыз жүргізілетін осындай үйірмелер бар екен. Қалғандарына хабарласқанмен, ешқандай мәлімет ала алмадық.

– Жазғы мектеп бізде індет кезінде онлайн форматта оқыған оқушылар үшін ұйымдастырылды. Оған балалар да, ата-аналар да үйреніп қалып еді. Ол бір жағынан кемшін қалған оқу үдерісін толықтыру үшін қажет болса, екінші жағынан балалардың тынығып, демалуына да, ой-өрісін жетілдіруіне де мүмкіндік туғызатын жағдай деп ойлаймын. Сондай-ақ жазда қала сыртындағы лагерге немесе ауылдағы атасы мен әжесіне бара алмай қалған бастауыш сынып оқушылары үшін мектеп жанындағы лагерлер де жұмыс істейді. Онда оқушылар таңертеңгі 9:00-ден 15:00-ге дейін болып, түрлі бағдарламаға қатысады, – дейді Оқу-ағарту вице-министрі Шолпан Қаринова.

Бір жақсысы, мұнда балалар мұғалімдер мен жоғары деңгейдегі бақылауында болады. Бұдан басқа, елордада бос уақыты тиімді өткізу орталығы жұмыс істейтінін айтқымыз келеді. Жасөспірімдер мұнда вокалға, биге, шығыс жекпе-жегіне, шахмат пен қолөнер ісіне, актерлік шеберлік, бокс, дзюдо, таэквондо, тағы басқа да спорт үйірмелеріне жазыла алады.

### ТАБЫС ТАБУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Бұлардың барлығы қуанарлық жай. Дегенмен қалада лагер мен сауықтыру орнына да, ауылдағы ата-әжесіне де бармайтын балалар бар. Олар, негізінен, жазғы каникул кезінде өзіне тиын-тебен тапқысы келетін, жұмыс істеуге құлшынысы зор жасөспірімдер. Ата-аналарды қазір, негізінен, солардың қауіпсіздігі алаңдатады. Бұл жеткіншектер көбіне мейрамхана, дәмхана мен Шосоfood, Glovo, Wolt, Яндекс.Еда, ABR компанияларының филиалдарында жұмыс істейді. Өйткені елордада тамаққа онлайн-тапсырыс беретіндерге қызмет көрсететін, негізінен, осы компаниялар. Тағамдары да «қазір әзір» деген сияқты тез дайындалады. Бұл енді бізге шетелден жеткен үрдіс. Сосын ол кешегі елімізде індет өршіген карантин кезінде сұранысқа көбірек ие болды.

«Қазір үйінде құрбы-құрдастар немесе байырғы достар бас қоса қалса, дап-дайын осы онлайн-тағамдарға тапсырыс беретіндер жетіп артылады. Оларға сол компанияға жазғы демалысында жұмысқа тұрған жасөспірімдер велосипед, мопедіне отырып алып тағамын алып, зымырап жетіп барары сөзсіз. Әрі олар тапсырысын дәл үйіне дейін жеткізіп беруді талап етеді. Жасыратыны жоқ, неше түрлі адам болады. Кейбіреуі ішімдік ішіп отырады. Осы тұрғыда ата-аналардың жасөспірімдердің қауіпсіздігіне алаңдаушылығы заңды емес пе?!» дейді елорда тұрғыны Сәрсен Ермекулы.

Біз осы сауалды Glovo компаниясының әкімшілік қызметкері Нина Плетневаға қойдық. Ол былай деді:

«Біз жеткіншектерді жұмысқа ата-анасының келісімімен 14 жастан бастап аламыз. Онда да тек ер балаларды ғана. Сосын ұлдардың ынта-ықыласына, пысықтығына қараймыз. Расы керек, жаз мезгілінде онлайн-тағамға сұраныс көп болады. Оның үстіне ылдым-жылдым жеткізетін тағамдарға осындай жеткіншектер ыңғайлы. Қаланы жақсы біледі, көпқабатты үйдің жоғарғы қабатына тез көтеріледі. Ал қауіпсіздік жағына келсек, бізде тапсырыс берушінің аты-жөні, мекенжайы, телефоны – барлығы толық жазылған. Сосын қызметкерімізбен үнемі байланысып отырамыз. Онлайн-тапсырысты алып, тиісті клиентке жеткізгенше барлығы біздің бақылауда болады».

«Сақтықта қорлық жоқ» деген. Ата-ананың да алаңдауы орынды. Өйткені кейбір мейрамхана мен дәмхананың алақол иелері ұл-қыздарды ешқандай келісімшартсыз бір ай жұмыс істегізіп, «сен сынақ мерзіміңнен өтпей қалдың» деп еңбекқақысын бермей әуре-сарсаңға салатын көрінеді. Тіпті бар ынта-ықыласымен қызметін адал атқарып жүрген жеткіншектердің де «жұмыстан кешіктің, ерте кетуге қамдандың немесе ыдыс-аяқ сынды» деген желеумен еңбекқақысынан ақшасының белгілі бір бөлігін ұстап қалатындар да бар екен. Міне, осының барлығы өмірді жаңа бастап, еңбек етуге деңгел құлшынысы бар жас өркендердің меселін қайтаратын келеңсіз жайлар екені сөзсіз.

«Мұндай жағдайды ата-аналар назардан тыс қалдырмауы керек. Мейрамхана, дәмханаға даяшы немесе оның көмекшісі етіп жұмысқа алса, уақытша болса да келісімшарт жасауды талап еткен жөн. Олай болмаған жағдайда, баланың заңды өкілдері араласып, мән-жайды анықтаған дұрыс» дейді Астана қаласының ювеналды полиция қызметкері Нұрғаным Имашева.

**P.S:** *Үш ай жазғы каникул кезінде балалардың демалғаны да, еңбекке араласқаны да дұрыс. Бірақ қай кезде де қауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы өте маңызды.*

## ШЕТЕЛГЕ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҚСАҢЫЗ...

Жаз жайнатып, күн күлдіріп балалармен бірге алыс сапарға шығу аса қиын шаруа емес. Еліміздегі туристік компаниялар нарықтың бұл сегментін әбден зерттеп, талғамыңыз бен қалтаңызға қарай түрлі маршрут ұсына алады. Қаласаңыз, әлемнің барлық елінде балаңызды демалдыруға болады. Алайда Батыс Еуропада балалар мүддесі мемлекет саясатына айналып, бар жағдайды жасаған екен.

### Айгул УАЙС

Испания әсем табиғатымен және Еуропадағы ең жақсы бағдарламасын ұсынады. Оны елдің тарихи-мәдени орындарында көптігімен ерекшеленеді. Бұл елдегі балалардың демалысы бірнеше бағытта белсенді дамып келеді. Әрбір испандық балалар спорт лагері жалпы дене дамуын және белгілі бір спорт түрін: теннис, ат спорты, гольф, футбол, желкенді спорт, жүзу және т. б. оқуды қамтитын жеке жаттығу бағдарламасын ұсынады. Оны елдің тарихи-мәдени орындарында танымдық саяхатпен ұстастырады. Мұндай экскурсияларға бару арқылы бала Испанияның өткені мен бүгін туралы көптеген қызықты мәлімет алады. Мұнда демалушыларға түрлі шығармашылық шеберхана, әдеби-театрландырылған үйірме ұсынылады. Испанияның көптеген еуропалық елдерден айырмашылығы, мұнда көптеген отбасы балаларын жазғы лагерлерге жіберу дәстүрлі болғандықтан, аталмыш инфрақұрылым жақсы дамыған. Балалар лагерлері тек курорттық аймақтарға ғана емес, тауда да орналасқан. Бұл – балалардың жайлы тұруы мен демалуы үшін арнайы салынған кешендер. Балалар лагерінде біліктілігі жоғары мұғалімдер мен арнайы дайындалған кадрлар жұмыс істейді. Лагерлердің көпшілігі қорғалатын, қоршалған аумақта орналасқан. Негізгі бағытқа қарамастан, әр лагерде баланы жан-жақты дамытуға бағытталған кешенді бағдарламалар жүргізіледі. Көптеген испан лагерлерінде бала-бақша үлгісіндегі күндізгі лагерлер де бар. Онда күні бойы орталықта демалып, кешкісі үйіне қайтады.

Болгария – бұрыннан демалысқа қолайлы, табиғаты көркем, инфрақұрылымы дамыған ел. Мұнда балаларға арналған кешенді жұмыстардың

басында балалар лагерінің жұмысы тұр. Олардың бағдарламасына аквапаркке, дельфинарийге бару, музыка фестивалін тамашалау және басқа да ойын-сауық іс-шаралары қамтылған. Сонымен қатар, лагерлердің көпшілігі білім беру бағдарламасын ұсынады. Айта кету керек, Болгариядағы балалар демалысы бекітілген стандарт бойынша ең қауіпсіз саналады.

Туризмді дамыған елдердің бірі Грекияда балалардың ата-анасымен бірге демалуына жағдай жасалған. Мұндағы қонақ үйлерде баланың қай жасына болмасын арнайы ойын-сауық бағдарламасы өте тартымды. Бала қараусыз қалмайды. Қонақ үйлердің барлығында дерлік балалар бассейні, ойын алаңдары, клубтар бар.

Түркиядағы балалардың демалысы көбіне білім алумен біріктірілген. Қазіргі балалар демалыс лагерлерінің дені спорт немесе шет тілін үйрену сияқты белгілі бір бағытқа мамандандырылған. Мысалы, Түркиядағы ең қарапайым балалар лагерінде де ағылшын тілі оқытылады.

Финляндиядағы балалар туризмі де алуан түрлі. Ол балалардың жақсы демалуына, денсаулығын жақсартуға, жаңа білім мен көптеген жағымды эмоция алуға мүмкіндік береді. Осылайша, баланың жан-жақты дамуына ықпал ете отырып, ата-ана нәрестенің бойында жасырын жатқан қасиет пен қабілетті көре алады. Саяхат кезіндегі баланың танымдық әрекеті шығармашыл тұлғаны дамытуға ынталандыру қызметін атқарады. Бұл да біздің ескеруімізге тұрақты тақырыптық бағыт.

Норвегияда жеке-дара балалар туризмі жоқ, ол отбасы демалысы аясында қарастырылған. Бұл елде бүкіл отбасымен саяхаттау кезінде кез келген ата-ананың да, балалардың

да мүддесін қамтиды. Егер анасы баласымен бірге саяхаттаса, билетті балалар вагонына алады, онда тынымсыз сәбилер үшін ойын бөлмесі жабдықталған. Демалыс осылайша сапардың басынан басталады.

Балалар туризмі Италиядағы мемлекет саясатына айналған. Шын мәнінде, Италия – отбасы және балалар демалысын ұйымдастыруда көшбасшы ел. Балалар демалысын ұйымдастыруда «ересектерге арналған бағдарлама» ұсынылады.

Сонымен, балалар туризмі нарығының тартымды болуы балалардың денсаулығын жақсартуды, олардың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға және қоғаммен байланысты нығайтуға көмектеседі деп қорытынды жасауға болады. Балалар лагері жасөспірімнің өз бетінше шешім қабылдауға, табғатты сүюге және қорғауға, басқалармен оңай тіл табысып, бірлікте тәрбиелеудің негізін қалайды.


Балалар туризмі бойынша отандық және шетелдік бағдарламаларды салыстырмалы талдау негізінде шетелдік балалар демалысының негізгі артықшылығына мыналарды жатқызуға болады.

Біріншіден, «жеті тілді білдің бе, жеті белден астың ба?!» деген ұстаным бойынша баланың өресі артады. Өйткені шет тілін үйрену өз болашағы үшін маңызды.

Екіншіден, басқа мәдениетпен танысудан және әртүрлі елдің балаларымен қарым-қатынас жасаудан алған жаңа әсері бір бөлек.

Әрине, шетелдегі демалыс – жоғары табысты отбасылардың ғана балаларына бұйыратын нәрсе. Алайда өз еліміздегі туризм инфрақұрылымын дамыту алдында тұрған ел үшін шетелдік тәжірибенің озығын қолданып, оқушы демалысын барынша жақсартудың жолына ертерек түссек, ұтылымсымыз анық.





**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Бір ай бұрын Павлодар облысының Успен ауданында бір азамат бақилық болды. Жақын тұтып, араласатындықтан қаралы жыныға арнайы бардық. Сол жерде білдік, аудан орталығына келетін жол бойындағы бір шоқ ағаштың арасында өзіне-өзі қол жұмсайды. Асылып қалған ағашты көрсетті. Әлгі биік ағаштың еңсесі түскендей ме, бізге солай көрінді! Әрине, қиындық сезім бар. Туралап келген өлім деп тағы айта алмаймыз. Бұл тақырыпты «отбасындағы жағдай» деп жылы жаптық.

Екі жыл бұрын Қызылорда облысының Жаңақорған кентінде туысымыздың 9 жастағы баласы есік алдындағы сарайда асылып қалды. Ағайынның қайғысына ортақтасып, көңіл айтып бардық. Сөйтсек, Астана қаласында тұратын ата-анасы жазғы демалыс кезінде ауылға жібермей ме. Бала болса күндіз-түні смартфоннан бас алмай ойын ойнайды. Аяғы жіпке асылып, өзіне қол жұмсаумен аяқталды. Бұл жағдайды «телефон дерті» деп пәтуаладық.

Үш жыл бұрын Астана қаласында мектепті «Үздік аттестатқа» бітірген талапкер оқуға түсе алмай қалады. Ата-анасы «Ұят болды, елге не бетімізбен қараймыз?!» деп айқайға басады. Дарынды жас осындай ауыр сөзді арқалап жүргенше, өлгенім артық деген шешім қабылдайды. Бұған «ұят синдромы» деген айдар тақтық.

Осылай суицидтің түрлі жағдайын келтіре беруге болады. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, психология ғылымының кандидаты Алматы Нұрадинов суицидке себеп болатын жағдай көп екенін атап:

– Адамдар түрлі эмоцияға беріліп, әлеуметтік, қаржылық қиындықтан шығатын жол таба алмай, өзін жиі құрбан етеді. Екіншісі – ішімдік пен есірткіге тәуелді болудың арты келенсіз жағдайға душар етеді. Үшіншісі – махаббатта жолы болмау, адамдардан зорлық-зомбылық көрудің арты қайғылы жағдайға ұласады. Төртіншісі – әлеуметтік аутсайдерлер, яғни отбасы мен ұжымда, достарының арасында жылы қарым-қатынас орната алмағандар. Бесіншісі – өмір сүрудің мән-маңызын жоғалтып, әлеуметтен оқшаулану жағдайынан орын алады. Бұған түрлі табиғи құбылыс та әсер етуі мүмкін. Мәселен, солтүстік полюске жақын орналасқан Ресей, Беларусь, Канада және тағы басқа елдерде суицид жиі орын алуда қолайсыз табиғи құбылыстар да әсер етеді. Статистикаға кірмейтін аутоагрессияға бейім адамдарды да суицидке жатқызуға әбден болады. Мәселен, Сауд Арабия-

## СУИЦИДТІҢ САЛҚЫНЫ

**Жер бетінде әрбір 40 секунд сайын бір адам өзіне-өзі қол жұмсайды. Бұл – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі. Жағандық дертке айналған суицид жасөспірімдердің де, оң-солын таныған азаматтардың да өмірін жалмауда. Тіпті кемеліне келген қарт адамдар да өз өмірін жиі қияды.**

сында өте жоғары жылдамдықпен көлікті басқарғандарды өзіне-өзі қол жұмсағандармен теңестіріп жатады, – деді.

2019 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 100 мың адамға шаққанда орын алатын суицид жағдайын есептеп, әлем елдерінің рейтингін түзді. Алғашқы ондыққа енген елдерде 20-дан аса адам өзінің өміріне немқұрайды қарайды. Мәселен, Гренландияда 100 мың тұрғынның әрбір 82-сі өзіне-өзі қол салса, Гайанада – 30, Лесотода – 28, Ресейде – 26, Литвада – 25, Суринамда – 23, Қазақстанда – 22, Беларусьте – 21, Оңтүстік Кореяда 20 адам өзіне өлім өкімін шығарады. Бұл тізімде Қырғызстанды 93-орыннан таптық. Айыр қалпақты ағайындар арасында 100 мың адамға шаққанда 9 адамнан келеді. Ал Өзбекстан 7 адаммен 114-інші, Түрікменстан 6 адаммен 119-ыншы, Тәжікстан 3 адаммен 167-нші, Әзербайжан 2 адаммен 176-орында тұр.

Суицид жағдайы жиі орын алатын елдерді саралайтын болсақ, Гайана – Оңтүстік Американың солтүстік-шығысында орналасқан кедей ел. Онда психикалық денсаулыққа байланысты стигма мен кемсітушілік көп жағдайда өлімге душар етеді. Оңтүстік Африкадағы патшалық ел – Лесотода кедейлік адамдарды өзіне қол жұмсауға итермелейді. Ресейдің ахуалы да белгілі. Мәскеу, Санкт-Петербург қаласынан өзге аймақтарда халықтың әлеуметтік жағдайы төмен, ішімдікке салынған адамы басым.

Адамдар қоғамға өзін керексіз санап, депрессияға түскенде өкінішті қадамға жиі барады. Ал депрессияға физикалық, психикалық, әлеуметтік, қаржылық қиындыққа түсуі әсер етеді. Ең қарапайымы, қолға тікен кірсе де жанға батады. Ал жан тапсыру оңай ма?! Жоқ, оңай емес! Өз өміріне қол жұмсаған адам көп жағдайда қорыққанынан аяқ-қолы қарысып қалады екен.

Соңғы алты жылда қайғылы жағдаймен аяқталған оқиға саны артпаса, кеміген жоқ. Себеп-салдарын талдайтын болсақ, 2022 жылы қаржылық қиындыққа байланысты 164 адам өмірмен қоштасты. 2021 жылы бұл көрсеткіш 127-ні құраған-ды. Өткен жылы әйелімен ажырасу салдарынан 67 адам, ауыр дертке шалдыққан 63 адам жарық дүниемен қош айтысты.

Ғалым Алматы Нұрадиновтің сөзінше, суицидке қатысты ресми статистика бір бөлек, өзіне-өзі қол жұмсағандар саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін. Себебі суицидтің кейбір түрлері ресми статистиканың критерийіне сәйкес келмей, дерек ретінде тіркелмейді. Мысалы, адамдардың кенеттен жоғалып кетуі, артынан жарақатсыз мүрдесінің табылуы немесе жоғары жылдамдықпен көлікті басқару кезінде жол апатынан қаза табуы және басқа жағдайларды атау керек-ақ.

Отандық ақпарат құралдары жасөспірімдер арасындағы суицидті жиі көтереді. Бас прокуратураның дерегіне, 30-54 жастағы адамдар мұндай жағдайға баратынын 54,9 пайызын құраса, әрбір төртінші суицидті 55 жастан асқан адамдар (23,5 пайыз) жасайды. Өзіне-өзі қол жұмсауда 18-29 жастағылардың үлесі 17,3 пайызды құрайды. Егер жынысқа бөліп қарайтын болсақ, ерлер көп жағдайда өз өмірін құрбан етуге дайын тұрады екен.

Қазақстандағы суицид жағдайын Сауд Арабиясы, БАӘ, Кувейт, Бахрейн, Италия, Испания, Грекия және Норвегиямен салыстырып са-

ралау маңызды. Өйткені бұл елдерде өз-өзіне қол салу фактісі төмен. Оған елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалар халықтың тұрмыс жағдайын оңалтуға бағыттап, оң нәтижеге жетуі себеп болды. Ал біздің елдегі тұрғындар кредиттен кредитке дейін өмір сүреді. 2023 жылдың сәуір айында елдегі экономикалық белсенді халықтың 77 пайызы қарызын уақытылы өтей алмай тығырыққа тірелді. Бұл – ойлантатын күрделі мәселе.

ЮНИСЕФ пен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша 15-19 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында Қазақстан әлемде бірінші, ұлдар арасында Ресейден кейінгі екінші орында. Деректерді сөйлестек, кәмелетке толмағандар арасында 2020 жылы – 144, 2021 жылы – 175, 2022 жылы 155 қайғылы жағдай тіркелді. Әр жылы өңірлерде жасөспірімдер арасындағы суицид жағдайы әркімі. Түркістан, Қостанай, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облысында суицид жиі тіркеледі.

Астана қаласы әкімдігінің Әдіс-темелік орталығына хабарласып, балалар арасындағы суицидтің алдын алу жолын сұрадық. Орталықтың психологиялық сүйемелдеу бөлімінің басшысы Гүлмира Қапанова:

– Зерттеулерге қарағанда, отбасындағы жанжал, ата-ананың ажырасуы, балаға қойылатын шектен тыс талап, физикалық зорлық-зомбылық және психологиялық қысым, отбасының материалдық қиындығы балалардың өзіне деген сенімін төмендетеді. Психологтар мен ұстаздар, әсіресе, ата-аналар баламен жиі тілдесіп, арман-мұратын біліп, рухани дүниесі мен дүниетанымына назар аударып, психоэмоционалды жағдайы мен суицидтік көңіл күйінің алдын алуы керек.

Скандинавия елдерінің кейбір өңірлерінде тәулігіне 20 сағатқа дейін түн болады. Табиғи құбылыс маусымдық аффективті бұзылуды тудырып, адамдардың денсаулығына кері әсер етті. Соның салдарынан XIX ғасырдың 60-80-жылдары Норвегия, Швеция, Дания және Финляндияда суицид фактісі жиі орын алатын. Бұл елдер әлеуметтік қамсыздандыру және психикалық денсаулық қызметін дамыту арқылы суицидке баратындардың санын төмендетті, – деді.

**P.S:** Бізде науқаншылдық басым. Көп жағдайда салдарымен емес, себебімен күресіп жатамыз. Мәселен, суицид жағдайын алатын болсақ, оның түпкі мәні – халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеп, адамдар арасында жылы қарым-қатынас әлсіреп кетуінен. Бұл ретте Скандинавия елдері секілді әлеуметтік қамсыздандыру және психикалық денсаулыққа көңіл бөлу маңызды. Бізге осы тәжірибе үлгі болатыны анық.

## КӨШТІ ҚАЛАЙ КӨБЕЙТЕМІЗ?

Еліміздегі демографиялық ахуал алаңдатарлық десек қате айтқанымыз болмас. Бұл ретте Кеңес Одағы кезіндегі саяси жүйе елімізге көп қиындық туғызғаны тарихтан белгілі. Әсіресе екі рет қайталанған ашаршылық, алдындағы малын тартып алған соң, оның үстіне азық-түлікке салық салынған соң халық қырылып қалды.

Бұл – айтайын деп отырған мәселеге тұздық ретінде келтірген мысалым. Осы және басқа да экономикалық, саяси қателіктерден еліміздің солтүстік аймағында халық өте сирек қоныстанып отыр. Бұл жағдай КСРО ыдыраған кезде тіпті күрделеніп кетті. Қаңырап бос қалған елді мекендердің саны күрт көбейді. Бұл өңірлерде жер құнарлығы, табиғат байлығы, жол, басқа да байланыс инфрақұрылымдары еліміздің басқа өңірлерінен кем емес. Алайда Үкімет пен жергілікті басқару орындарының мәліметі бойынша қаулы қабылдау, қағаз толтыру жағынан жұмыс жүріп жатқан тәрізді, бірақ нақты іс қозғалысы шамалы болып тұр. Жобаға байланысты оңтүстіктен ағылып көшіп жатқандар өте аз. Ал барғандарға нақты көңіл бөлініп отыр деп айта алмаймыз.

Бұл жұмыстың екі жақты болып шешетін мәселесі көп. Сондықтан көшті қабылдап алатын жақпен көшуге даяр жақ тікелей



келісімшартқа отырса. Бұл істі облыс, аудан әкімдері өздері басқарса, сосын ауыл әкімімен қанша отбасын қабылдап, орналастыруға даяр екені алдын ала зерделенсе. Бұл шаруаны қожалықтардың басшысы тікелей мойнына алса, сонда бұл іс алға басар ма еді?! Мәселен, Ақмола облысының Астрахан ауданындағы Толқынкөл ауылының тұрғыны азайып, мектеп жабылып қала жаздағанда, осы ауылдағы мектеп директоры Ғалым Доспан бауырымыз өзі бас болып Шымкент жаққа барып, ел аралап, келісімге отырып бірнеше отбасыны ауылына көшіріп, орналастырып, бос тұрған үйлерге кіргізіп, жұмысқа жарайтындарын жергілікті шаруа қожалықтарына көмекке, ауылдың малын бағуға қосса, мектеп жасындағы балалар оқушылар санын көбейтіп, ауыл жап-жақсы көркейіп қалды. Тура осындай әрекетке неге кіріспеске? Қағазбастылыққа салынып іс-әрекетті қолға алмай отырған тәріздіміз. Қазір Жаңа Қазақстан тұсында осы жұмысқа жаңадан қарасақ. Арқаның халқы селдіреген елді мекендерін Отанымыздың берік босағасына айналдыру ел басқарып отырған басшыларға парыз болса керек.

Жоғарыда айтқан мысал әр ауданда кем дегенде 5-6 ауылда жүргізілсе, еліміздің қауіпсіздігі нығая түсер еді, экономикасы да көтерілер еді.

Осы мақаланы оқып, мүмкін, қосымша әрекеттер іске асар, тіпті түбегейлі жақсы өзгерістерге жетелейтін іс басталып кетер деген оймен «Астана ақшамы» газетіне арнайы жазып отырмын. Осы ұсынысыма қолдау табылып жатса тіпті оңды болар еді.

**Бейсембек ӘЛКЕНОВ,**  
еңбек ардагері

## ЕЛОРДАДА ДӘРІГЕР ҚҰРМЕТКЕ ИЕ

Әрине, мамандықтың бәрі жақсы. Оның ішінде айрықша мамандықтар бар. Адам өміріне араша болатын дәрігер болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Әсіресе жергілікті тұрғылықты жері бойынша емханаларға елордалықтар жиі барып, денсаулық жағдайын тексереді, қажетті ем-домды алады. Сондай тұрғындары көп емхананың бірі – №4 қалалық емхана. Зейнепкүл Досжанова – көп жылдық тәжірибесі бар білікті дәрігер, 1-отбасылық денсаулық орталығының меңгерушісі, ұжымда үлкен абыройға ие ақ халатты абзал жанның бірі.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

### ЕРЕКШЕ БАСТАЛҒАН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Зейнепкүл Досжанова Қарағандыдағы медицина университетін тәмамдаған. Бұл оқу орны – денсаулық сақтау жүйесі үшін білікті кадрларды даярлауға арналған Қазақстанның жетекші медицина университеті, білім беру, ғылым, емдеу-диагностика қызметін көрсетуде жоғары беделге ие. Университет түлектері Қазақстанда, жақын және алыс шетелде табысты жұмыс істейді.

– Альма-матерім – менің университетім маған өте көп білім мен қызықты естеліктерді тарту етті, ұстаздарыма алғысым шексіз. Ұлағатты ұстаздарым мен сияқты қаншама студентке қанат бітіріп, білікті дәрігер етті, бұл олардың халқының саулығы үшін, болашағы үшін қосқан ерекше еңбегі деп білемін. Еңбек жолым терапевт болып Жезқазған қаласында бастадым. 2007 жылы Астанаға көшіп келген соң, №4 қалалық емханаға телім дәрігері болып жұмысқа тұрдым. Қаланың қызу тіршілігіне қауырт жұмыспен араласып кеттік, – дейді Зейнепкүл Досжанова.

### АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

«Емханаға көп науқас келеді, ауруын өткізіп, асқындырып алғандарға қандай кеңес бересіз?» деген сауалымызға жоғары санатты білікті дәрігер былай деп жауап берді:

– Емханаға жас баладан жасы ұлғайған қарияға дейін көп келеді. Көбі – иммунитеті түскен, бірқатары ауруын өзі асқындырып алғандар. Себебі

уақытында қаралмаған олар өз саулығы өз қолында екенін ұмытып кетеді. Ерте тұрмау, уақытылы сапалы тамақтанбау, салауатты өмір салтын қадағаламау, міне, осындай факторлардың барлығы да ауруға әкеліп соғады. Сол үшін жыл сайын скрининг өткізіп тұрамыз, ол аурудың алдын алудың бірден-бір жолы деп білемін.

### ОРЫНДАЛҒАН АРМАН. ОТБАСЫМ – ТІРЕГІМ

Қауырт тірлігінен босаған уақытын Зейнепкүл Досжанова отбасы, жары, екі баласына арнайды. Оларға көбірек көңіл бөліп, дәмді тамағын жасап беріп, демалыста отбасымен бірге болғанды ұнатады:

– Өзімнің бала кездегі арманымның орындалып, сүйген мамандығыммен жұмыс істеп, көпшілікке көмегімді тигізіп жүргеніме өте ризамын, өзімді бақытты сезінемін. Жұмыс қаншалықты ауыр болса да емделіп, риза болып кеткен науқастарымды көріп, барлық ауыртпашылықты ұмытып кетемін. Шаршағанда, қуанғанда, қайғырғанда отбасым үнемі қасымнан табылады. Отбасым

**P.S:** Денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың жылдан-жылға артуы, материалдық-техникалық базаның нығаюы, білікті, тәжірибелі дәрігерлерді қолдау, әрине, сапалық өзгерістерге әкеледі, ең алдымен, халық денсаулығын көрініс табатыны сөзсіз.



Зейнепкүл Досжанова Қарағандыдағы медицина университетін тәмамдаған. Бұл оқу орны – денсаулық сақтау жүйесі үшін білікті кадрларды даярлауға арналған Қазақстанның жетекші медицина университеті, білім беру, ғылым, емдеу-диагностика қызметін көрсетуде жоғары беделге ие. Университет түлектері Қазақстанда, жақын және алыс шетелде табысты жұмыс істейді

менің әр бастамамыз қолдап, әрқашан маған жігер беріп, демеп жүреді. Біз отбасымызбен бір командамыз, себебі барлығымыз да медицина саласында жұмыс істейміз. Мақсатымыз да ортақ, арманымыз да бірге. Ұлт саулығы үшін ұлы мұрат жолындамыз, осыған қуанамын.

### АСТАНАМ – АСҚАҚ ОРДАМ!

– Астана – Еуразия жүрегіндегі қала, ардақ тұтар асқақ мекенім! Мұнда 2007 жылдан бері тұрамын, қала жыл сайын өсіп, көркеюде, шынын айту керек, маған Астананың барлық жері қатты ұнайды, алыс кетсем, үнемі сағынамын, өйткені Отаным, отбасым мекендеген елорда мен үшін қадірлі, қасиетті. Елордада дәрігерлерге өте жақсы жағдай жасалып отыр. Жыл сайын мемлекетіміз ақ халатты абзал жандарға неше түрлі мүмкіндік беруде. Елімізде медицина саласын қаржыландыру соңғы ондаған жылдарда бірнеше еседен артық ұлғайды. Елордамыз көркейіп, еліміз аман, жұртымыз тыныш, жастарымыз саналы, жоғары маман иесі болуын тілеймін, – дейді З.Досжанова бізбен әңгімесінде.

Қазақстанда «Мистер Сидр» деп аталатын алкогольсіз сусын уақытша сатылмайтын болды. Жақында бұл жөнінде Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті мәлім етті.

## «МИСТЕР СИДР» СУСЫНЫҢ АҚСАҚТАНАЙЫҚ!



«Комитет мән-жайлар анықталғанға дейін жоғарыда аталған өнімді пайдаланудан бас тартуға және мұндай өнімді сатылымнан анықтаудың барлық жағдайы туралы комитетке немесе объектінің орналасқан жері бойынша хабарлауға шақырады» делінген комитеттің хабарламасында.

Бұл сусын жайлы осыған дейін Ресейдің ақпарат құралдарында жазылған да еді. Ондағы ақпарат бойынша Самара қаласында шығатын «Мистер Сидр» сусынынан Ресейде жаппай улану фактісі анықталғаны тіркелген. 33 адам қайтыс

болған. Тергеу комитеті қылмыстық іс қозғаған.

Менің айтпағым, жалпы энергетикалық сусын деп сатылатын алкогольсіз ішімдіктерден сақтануымыз керек. Әсіресе жастар жағы мұндай сусындарға әуес болады. Олар оның құрамында қандай зиянды қоспалар бар екеніне де мән бермейді. Осының бәрі ең басты байлығымыз – денсаулыққа кері әсер ететінін білмейміз. Сондықтан өзіміз секілді жастарды сусындарды сақтанып ішуге шақырамын.

Адель АБДРАХМАНОВА,  
Астана қаласы  
BINOM мектебінің түлегі

## ӨРТ ҚАУШІНЕН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Жыл сайын жазғы кезеңде республика аумағында күрделі өрт қаупі орын алады. Бұл – қала мен бау-бақша, саяжай учаскелеріндегі аумақтарды жинау, оқушылардың демалысы, табиғатта белсенді демалуды ұнататындар үшін жылдың сүйікті уақыты, сондай-ақ егіс жұмыстары кезеңі, бірақ бұл – өрт сөндірушілер үшін «ең ыстық» кезең.

Өрттің пайда болу себептерінің статистикасын талдау көптеген жағдайда өрт адамның салғырттығынан болатынын көрсетеді. Әрине, жану, өрттен адам факторы көрінбейді, жағдай қызған күн, әйнек және кепкен шөптің әсерінен болуы ықтимал. Бірақ өрттің негізгі себебі – отты абайсыз қолдану: сөнбеген от, құрғақ жапыраққа тасталған сіріңке, үйлер мен шаруашылық құрылыстарының жанында қоқысты жағу, балалардың тентектігі, жеке тұрғын үй секторында, табиғатта немесе демалыста өртке қарсы талаптарды бұзу, тастанды темекі тұқылдары – осының барлығы өртке әкеледі.

Өрт елді мекендердегі ғимараттарды, электр беру және байланыс желілерін, жанатын материалдар қоймаларын зақымдап, жою, сондай-ақ адамдар мен малдың өліміне

алып келуі мүмкін. Осы кезеңде кәсіпорындар, ұйымдар басшылары және жеке тұрғын үй иелері ведомстволық бағынысты объектілер мен тұрғын үйлерді өрт қауіпсіз жағдайға келтіруге, іргелес аумақтарды құрғақ шөптен және жанатын қоқыстан тазартып, оларды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етуге, елді мекендердің айналасындағы аумақтарды шабуға міндетті.

Жазғы кезеңде өртке жол бермеу өте оңай, ол үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жеткілікті.

Өз мүліктеріңізді оттан сақтаңыз! Өрт болған жағдайда, «101» телефонына хабарла-сыңыз.

А.САБИРОВ,  
Астана қаласы Алматы ауданы ТЖБ бас маманы,  
азаматтық қорғау  
подполковнигі



## АРАҚ-ШАРАП ҚЫМБАТТАЙДЫ



1 шілдеден бастап елімізде ішімдік бағасы қымбаттауы мүмкін. Ашық НҚА порталында Қаржы министрінің бөлшек саудада өткізу үшін араққа қойылатын шекті бағаны көтеру туралы бұйрығының жобасы жарияланды.

Атап айтқанда, 1 шілдеден бастап 30 қыркүйекке дейінгі аралықта ішімдіктердің бөлшек саудадағы ең төменгі құны былай белгіленді:

– арақтар, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарының бір литрі – 1980 теңге; коньяк пен брендидің бір литрі – 2930 теңге.

Ал 1 қазаннан ішімдіктің ең арзан бағасы: арақтар, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарының бір литрі – 2100 теңге; коньяк пен брендидің бір литрі 3110 теңге болмақ.

Қаржы министрінің бұйрығы 26 маусымға дейін көпшілік талқылауда болады. Кейін қол қою үшін ведомство басшысына жолданады. Содан соң, яғни 1 шілдеден күшіне енеді.

№72 (4505) 20/06/2023 Сейсенбі

## ҚОРҚЫТТАН ЫҚЫЛАСҚА ДЕЙІН

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияға қарасты қазақ оркестрінің XXVI концерттік маусымы қобызшы Ықылас Дүкенұлының 180 жылдығына арналған «Жезкиік» атты рухани өнер кешімен жабылды. Концерт Ұлттық әскери патриоттық орталықта өтті.



**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Қобыз дегенде алдымен Қорқыт еске түседі. Оркестрдің орындауында Қорқыттың күйімен ашылған кеште қобыз атасы мен Ықыластың күйлері қатар салтанат құрды. Сондай-ақ Ықыласқа арналған қазіргі күйшілер мен композиторлардың шығармалары орындалды. Ықыластың

өмірі мен шығармашылығынан деректер, күйлерінің шығу тарихы айтылды.

Ықылас Дүкенұлы қобызшылар әулетінен шықты. Оның атасы Алтын да, әкесі Дүкен де қобыз тартқан. Оның үстіне Ықылас туып, өскен ортада сол заманда күйшілік қатты дамыды. Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқа, Дайрабай, Итаяқ, Қыздарбек, Итаяқ, Әбди сынды күйшілердің

күйлерін бала кезінен естіп, күйлерін құлағына құйып өсті. Осы аталған кейбір күйшілердің көзін көріп, сыйлас та болған. Сөйтіп Ықылас күйшілік дәстүрді әрі қарай дамытып алып кетіп, қобыз күйлерінің негізін салушы адамға айналды. Күйлерінің шығу тарихы да әртүрлі. Мәселен, «Ерден» күйімен ұлынан айырылып, қаралы болып отырған аға сұлтан Ерден Саңдыбайұлының қайғысын сейілтті.

Кеште Қазақ оркестрінің көркемдік жетекшісі – бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов бір дерек айтты. Ертеде қобызбен күй ғана тартылмай, жыр да айтылатын болған. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов өз заманында жазып кеткен. Осы дәстүр қазір қайта оралып келе жатыр. Атыраудан келіп, осы кешке арнайы қатысқан қобызшы, өнер зерттеуші, мәдениет саласының үздігі Ақнар Шәріпбаева көрнекті ақын Ғафу Қайырбековтің өлеңіне жазылған «Елдің Ықыласы» әні және «Атаға арнау» атты өзінің туындысын ұсынды. Осы кештің өтуіне үлкен үлес қосқан қобызшы Жанар Жүсіпова «Ықылас ата ізімен» атты авторлық шығармасын орындады. Айдос Оңғарбай қобызбен жыр айтты. Белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Жүнісовтің «Атаға сый» әні шырқалды. Филармонияның «Сарыарқа» және «Қорқыт» ансамбльдерінің қобызшылары өнер көрсетті.

## БАЛАЛАРДЫ АКТЕРЛІККЕ БАУЛЫДЫ

2022 жылдың қыркүйек айында Балалар жылы аясында Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы «Балалар филармониясы» жобасын іске қосқан болатын. Аталмыш жоба биыл да жалғасын тауып, балалар үшін арнайы концерттік іс-шаралар, лекциялар және шеберлік сабақтары ұйымдастырылуда. Жуырда жоба аясында жас көрермендерге «Театр және актерлік өнер» шеберлік сабағы өтті.

«Baby Shark» балалар әуені, «Арыстан патша» мультфильміндегі музыка қойылым ретінде ағылшын тілінде көрсетілді. Әртістер тек сахнада ғана жүрмей, балалармен ойнап, залды жүгіре айналып өз өнерін көрсетті. Көрермендердің көңіл күйін көтеріп, алдағы уақытта да бірге шеберлік сабағына белсене қатысуға шақырды.

Іс-шара барысында «Astana musical» мемлекеттік театрының әртістері балаларға театр және актерлік мамандықтың қыр-сыры туралы айтып, өнер адамдарының сахнада сенімді болуына көмектесетін бірнеше жаттығуды көрсетті. Сахнаға балалар шақырылып, ойындар ойнатылды. Барлық бала үлкен құлшыныс танытып, ойындарға қатысты. Кішкентай көрермендер сахнада өзін емін-еркін сезіну үшін ішіндегі энергияны шығаратын жаттығулар берілді, айқайлап, секіріп, ішіндегі эмоцияны көрсетіп, өздерін еркін сезіне білді. Шеберлік сабағында балалар мимикамен түсіндірілетін әдіс-қимылдармен қалай жұмыс істеу керек, өз эмоцияларын дұрыс білдіріп,



оны көрерменге немесе әңгімелесушіге қалай жеткізу керекін үйренді.

Актерлік өнер баланың өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі, болашақта, қоғамда өзін жайлы сезіну үшін қарым-қатынас дағдыларын және импровизациялау қабілетін шыңдауға мүмкіндік береді. Шығармашылық

пен адам қиялын дамытатын және көпшілік алдында сөйлеу қорқынышын жеңуге көмектесетін шаралар арқылы балалар өзіне деген сенімін арттырады.

**Жібек РАХИМОВА,**  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

### СПОРТ



## Grand Slam: ҚАЗАҚСТАН РЕКОРД ЖАҢАРТТЫ

Астанада дзюдодан өткен Qazaqstan Barysy Grand Slam турнирінде Қазақстан командасы үздік нәтиже көрсетті. Халықаралық дзюдо федерациясының бағдарламасы бойынша, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған байрақты бәсекеде 42 елден келген 300-ден аса дзюдошы белдесті.

«Барыс Арена» спорт сарайында төселген татамиде 14 салмақта үздіктер анықталды. Жүлделер бойынша 5 елдің балуандары ерекше көзге түсті. Атап айтқанда, Испания – 2 алтын, 1 күміс, 2 қола, Италия – 2 алтын, Франция – 1 алтын, 2 күміс, 4 қола,

Қазақстан – 1 алтын, 1 күміс, 5 қола, Жапония 1 алтын, 1 күміс медаль иеленді.

Қазақстан дзюдошылары арасынан 60 келі салмақта Мағжан Шамшадин Grand Slam турнирінің жеңімпазы атанса, 66 келі салмақта күрескен Ғұсман Қырғызбаев күміс медаль

алды. Ал Асқар Нарқұлов (73 келі), Данияр Шамшаев (73 келі), Ислам Бозбаев (100 келі), Ғалымжан Қырықбай (100 келі), әйелдер бәсекесінде Ақерке Рамазанова (78 келі) қола жүлдегер атанды.

Бұған дейінгі өткен Grand Slam турнирлерінде Қазақстан дзюдошылары медаль көрсеткіші бойынша мұндай нәтиже көрсетпеген-ді. 2014 жылдан бері тек 1 алтын медальмен шектеліп келген еді. Ал биыл ақпанда Парижде өткен турнирде 2 қола медаль, наурызда Ташкентте өткен турнирде 2 күміс медаль, ал соңғы Тбилисиде өткен турнирде 1 күміс, 1 қола медаль бұйырған еді.

Дайындаған **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

## Astana Half Marathon: ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОН

Елордада екінші рет ұйымдастырылған марафон жарысына әлемнің 20-дан аса елінен 6000-ға жуық желаяқ қатысты.

Жарысқа қатысушылар жүгіруді ЕХРО халықаралық көрмесінен бастады. Одан әрі олар Ботаникалық саябақ, Ұлттық музей, Тәуелсіздік сарайы маңайымен және басқа да елорданың көрікті көшелерімен жүгіріп өтті.

Марафонның ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұраев қатысып, елордада осындай тіркелгендер сайысты бастаса, 7:25-те жартылай марафоншылар жарыс жолына шықты.

**10 шақырым қашықтықта ерлер бәсекесінің жүлдегерлері:**  
1-орын. Руслан Оглов (Қазақстан) – 32 минут 27 секунд  
2-орын. Хуан Себастьян Гарсия (Колумбия) – 33 минут 23 секунд  
3-орын. Алмас Рахымбаев – 34 минут 9 секунд

**21 шақырым қашықтықта ерлер бәсекесінің жүлдегерлері:**  
1-орын. Михаил Кулков (Ресей) – 1 сағат 7 минут  
2-орын. Илья Тапкин (Қырғызстан) – 1 сағат 7 минут 47 секунд

Бұл жөнінде қатысушылардың бәрине алдын ала хабарланды. Сөйтіп, жартылай марафон таңғы сағат 7:00-де басталды. Бірінші болып 10 шақырым қашықтыққа тіркелгендер сайысты бастаса, 7:25-те жартылай марафоншылар жарыс жолына шықты.

**10 шақырым қашықтықта ерлер бәсекесінің жүлдегерлері:**  
1-орын. Руслан Оглов (Қазақстан) – 32 минут 27 секунд  
2-орын. Хуан Себастьян Гарсия (Колумбия) – 33 минут 23 секунд  
3-орын. Алмас Рахымбаев – 34 минут 9 секунд

**21 шақырым қашықтықта ерлер бәсекесінің жүлдегерлері:**  
1-орын. Михаил Кулков (Ресей) – 1 сағат 7 минут  
2-орын. Илья Тапкин (Қырғызстан) – 1 сағат 7 минут 47 секунд

3-орын. Надилбек Уталиев (Өзбекстан) – 1 сағат 8 минут 35 секунд

**21 шақырым қашықтықта әйелдер бәсекесінің жүлдегерлері:**

1-орын. Мария Корибицкая (Қырғызстан) – 1 сағат 15 минут  
2-орын. Светлана Кудилитч (Беларусь) – 1 сағат 17 минут  
3-орын. Екатерина Василиченко (Украина) – 1 сағат 22 минут  
Елордада екінші рет өткен жартылай марафонды Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Бірінші болуға батылдық» корпоративтік қоры ұйымдастырды.

Бұқаралық іс-шараның өту барысында желаяқтар мен жанкүйерлер үшін концерттік бағдарлама ұсынылып, түрлі конкурс өткізілді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор –  
**Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300  
**Тапсырыс №72**

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 **Редакция мекенжайы:**  
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

📞 **Қабылдау бөлмесі:**  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-teklama@mail.ru

✉️ **aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ